

«...Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, жасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді».

Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

4

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ»

5

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 9 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
771 825

II компонентпен
605 603

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

21

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

БҮГІН – АБАЙ КҮНІ

ҰЛТТЫҢ МӘНГІЛІК ШАМШЫРАҒЫ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз – Абай күні болып бекітілгені белгілі. Абай күні, яғни ұлы Абай Құнанбайұлының туған күні – ұлттық, жалпыхалықтық мереке ретінде Қазақстан Республикасының мерекелік күнтізбесіне енді.



Бүгінде ғалымдар тұжырымдап жүргендей, Қазақ Елі ұлы хакім армандаған мұраттарды ХХІ ғасыр биігінде толықтай жүзеге асырды деп мақтанышпен айта аламыз.

Бұл – «бірінді қазақ, бірін дос...» деп, ұлтты ұйысуға үндейтін, күллі Алаш жұртын бірлікке жұмылдыратын

ұранды ортаға тастар ұлағатты да тағылымды күн, қастерлі дата! Елбасы аманаттаған «Рухани жаңғырудың» бірегей оқиғасы!

Абай күніне арнайы әзірленген топтаманы газетіміздің 6-7-беттерінен оқыңыздар.

Абай күні құтты болсын, ағайын!

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

БІЗ – ЕКІ МИЛЛИОНБЫЗ!



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматылықтардың қатары Аяла атты бөбекпен толықты. Аяла – ресми түрде алып шаһардың 2 миллионыншы тұрғыны ретінде тіркелді.

Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды.

– Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, қазірдің өзінде қазақстандықтар 19 миллионға жетті. Ал Алматы халқының саны екі миллионнан асты. Аяла Жамбыл 2 миллионыншы тұрғын атанды. Ол – полиция қызметкері Бейбіт Әбілдаев пен балабақша тәрбиешісі Әлия Жәнібекованың отбасындағы алтыншы қыз, – дей келе, Бақытжан Әбдірұлы сәбиге денсаулық, амандық пен бақыт тілейтінін жеткізді.

ҚЫСҚА...

- «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлердің есімімен аттас балалар арасында байқау жарияланды.
- Елімізде ұшаққа мінер алдында жолаушылардың салмағы өлшенеді.
- Демалыс күндері қала көшелеріне жүргізілген рейд кезінде гүрілдеген қозғалтқышы бар 28 көлік анықталды.
- Электрмен жүретін көліктер саны бойынша Алматы көп бастап тұр.
- Нархоз университетінің ғалымдары Хельсинки университетімен бірлесіп мегаполистегі ауаның ластануы бойынша зерттеу жүргізуде.
- 4 тамыздан бастап Іле Алатауы ұлттық паркінің аумағында от жағуға тыйым салынды.



«АҒАШТАРДЫ АЯЛАЙЫҚ!»

Экоакцияны көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов жалғастырып, әрі қарай барша алматылықтарға жолдады

«Біз, қазақтар, өз жерімізден басқа Отанымыз жоқ деп санаймыз, ал бұл ғарыштық, планеталық масштабтағы ағаштардың Жерден басқа Отаны жоқ. Егер бәріміз ағаштарды суарып, өмір сыйласақ, біз өзімізді жоғалтпаймыз. Бізге қосылыңыздар!»



туындылары арқылы жол табады. Мысалы, даос монастырларында ағаш өсетін кезде олардың рухани өмірінің толу дәрежесін анықтауға болады деп есептелген. Егер олар жақсы, түзу бой түзеп, мықты бұтақтары мен тәжі бар болса, онда монастырьдегі атмосфера жақсы дегенді білдіреді.

Қазақтарда «шежіре» деген сөз асыл тұқым дегенге саяды. Ал ағаштарда бұл жылдық сақиналар болып табылады. Олардың көмегімен өмір туралы, сондай-ақ адамның шежіресі туралы көп нәрсені білуге болады. Ғасырлар бойы олар бұл ақпаратты бойында сақтаған. Ағаштар – барлық тіршілік иелерінің жады десек болады.

– Бүкіл жерде өрт тұтанып жатқаны бірінші жыл емес. Қасиетті жерлер өртеніп жатыр. Бұл – өркениет үшін үлкен күнә әрі суицид. Барлық ормандар өртеніп кетпес бұрын, біздің санамыз өледі. Біз, қазақтар, өз жерімізден басқа Отанымыз жоқ деп санаймыз, ал бұл ғарыштық, планеталық масштабтағы ағаштардың Жерден басқа Отаны жоқ. Сондықтан мен Николай Гумилевтің «На ласковой земле, сестре звездам, Мы – на чужбине, а они – в отчизне» деген жолдарын еске түсіремін, – деді ғалым.

– Ағаштардың тамыры, діні, бұтақтары мен жапырақтары – адамзат баласының символы, ал бүгін біз тамырымызды кессек, табиғат оған шыдамдылық танытпайды. Ағаш – адамға өзін жоғалтпау үшін берілген қасиетті сыйлық. Егер бәріміз ағаштарды суарып, өмір сыйласақ, біз өзімізді жоғалтпаймыз. Бізге қосылыңыздар!



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Газетіміздің өткен сандарында «Alatau Aqparat» медиахолдингі («Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттері) ұжымының Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Ағаштарды аялайық!» атты челленджді бастағаны туралы хабарлаған едік.

«Alatau Aqparat» ЖШС «Ағаштарды аялайық!» челленджі аясында мекеме айналасындағы ағаштар мен былтыр Абай даңғылының бойына өздері отырғызған жасыл желекті суғарған болатын. Сондай-ақ, осы челленджді Қазақстан Журналистер одағына, «Новое поколение», «Қазақ үні» газеттерінің ұжымына жолдаған. Ұйымшыл ұжымның челлендждің алғашқылардың бірі болып Қазақстан Журналистер одағы жалғастырған еді.



• Алматы әрқашан жасыл желектермен, суармалы арықтармен, гүлзарлармен, субұрқақтармен әйгілі болды, сондықтан ағаштардың қурауына жол бермейік!

• Ағаш – адамға өзін жоғалтпау үшін берілген қасиетті сыйлық.

ЖОЛ – ОРТАҚ ИГІЛІК



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда 2025 жылға қарай 350 шақырым жол салынады. Ал ағымдағы жылы 212 көшедегі асфальт ауыстырылады.

Бұл туралы кеше Алматы қаласы әкімдігінің Өңірлік коммуникациялар алаңында Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов мәлімдеді. Онлайн форматтағы баспасөз конференция кезінде басқарма басшысы қаланың жол-құрылыс жұмыстарының аралық қорытындылары мен жол инфрақұрылымын дамыту туралы, сондай-ақ ағымдағы жылдың 6 айдағы жұмыс қорытындыларына тоқталды. Ол сондай-ақ, Алматыда көше мен жол торабының жалпы ұзындығы 3096 шақырымды құрайтынын, оның 298 шақырымы асфальтталмағанын атап өтті.

– Алматыда 2025 жылға қарай жол-

дарды 95%-ға жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жеткізу үшін 350 шақырым жаңа жол салуды жоспарлаудамыз, – деді Ғани Мырзаханов.

Спикердің айтуынша, Алматыда 2021 жылдың басынан бері 125 393 м² алаңға шұңқыр жөндеу жұмыстары жүргізілді, 1058 люк пен тор көтерілді, 3188 бордюр түзетілді және 93 914 жарылу мастикамен толтырылды.

Басқарма басшысы ағымдағы жылы ұзындығы 206 шақырым болатын 212 көшедегі жолдарды орташа жөндеуді жүргізу жоспарланып отырғанын да тілге тиек етті. Оның ішінде жалпы ұзындығы 43 шақырым болатын 20 негізгі көшелер, атап айтқанда, Рысқұлов даңғ., Сүйінбай даңғ., Сәтбаев көшесі, Күдерин көшесі, Жансүгіров көшесі, Райымбек көшесі, Яссауи көшесі, Шаляпин көшесі, Момышұлы көшесі, Жандосов көшесі, Сейфуллин көшесі, Құрманғазы көшесі, ШААЖ, Халиуллин көшесі – Құлжа тракты, Солтүстік айналма көшесі, Бо-

ралдай көшесі, Тәттібеков көшесі, Омаров көшесі, Төле би көшесі секілді магистральды көшелер бар.

– Қазіргі кезде 95 көшеде жөндеу жұмыстары аяқталды, оның ішінде 12 негізгі көше, ұзындығы 24 шақырым, жергілікті – 83 көше, ұзындығы 68,2 шақырым. 39 көшеде жұмыс жүргізілуде. Жол жұмыстарын аяқтау және көліктердің негізгі көшелер бойымен өтуін қамтамасыз ету қыркүйек айының соңына дейін жоспарланған. Барлық басқа аудандық маңызы бар көшелерде жөндеу жұмыстарын қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр, – деп қосты Алматы ҚМБ басшысы.

Ғани Мырзаханов таулы аудандардағы жолдарды күтіп ұстау туралы айта келіп, жазда және қыста қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арнайы техника көмектесетінін жеткізді. «Медеу» және «Шымбұлақ» аймақтарында жолдарды күтіп ұстау пункттері бар. Спикер таулы аймақтардағы жолдарды күтіп ұстау аудандық әкімдіктердің құзырында екенін атап өтті.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Оңтүстік астанада
2 001 304
тұрғын бар.



Мегаполисте сыртқы
жарықтандыру желілері
4815
шақырымды құрайды.



Шаһарда
3399
спорт нысаны
жұмыс істейді.



Қаладағы мектептер мен
мектепке дейінгі
мекемелердің барлығы
100
пайыз QR-код алды.



Шаһарда 2025 жылға дейін
1000-нан
астам аула
абаттандырылады.



ШЫНАЙЫ ЖАУАП – ШЫНАЙЫ ТҰРМЫС

Күзде өтетін Халық санағына 21 күн қалды. Санақ дегенде, әдетте қарапайым көпшілік оны тек үйдегі адам санын есептеу деп түсінеді. Ал шын мәнісінде, Халық санағы ертең бізге халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің шынайы картинасын көрсетіп береді.

Өйткені, санақ кезінде тұрғындарға қалалық және ауылдық жерде және өңірлік бөліністе жынысы мен жасы, некесі, ұлттық құрамы, азаматтығы, ұстанатын діні, білім деңгейі, тілдерді меңгеруі, үй шаруашылықтарының (және отбасылардың) саны мен көлемі, тұрғын үй жағдайлары және басқа да сапалық және сандық белгілері бойынша сұрақтар қойылады. Соның бәріне нақты әрі шынайы жауап беру – халықтың тұрмыстық жағдайы қай деңгейде екендігін көрсетіп береді. Сондықтан мамандар барлық сұрақты мұқият оқып әрі жанашырлықпен жауап беруді сұрайды.

Естеріңізге сала кетсек, маусым айында санаққа байланысты еліміздің барлық елдімекенінде дайындық кезеңі жүргізілген болатын. 1–30 маусым аралығында интервьюерлер (тіркеушілер) әрбір елдімекен бойынша тұрғын жайлар, тұрғын үйлер (тұрғын жай ғимараттары) мен тұрғын үй ретінде пайдаланылатын тұрғын емес орындардың барлығын жаяу ара-

лап, олардың тізімін, тұрақты тұратын тұрғындардың санын нақтылаған еді. Ал санақтың негізгі кезеңі 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықта өтеді. Оған онлайн режимінде де, сондай-ақ, дәстүрлі тәсілмен де қатысуға болады.

Халық санағы әрбір он жыл сайын өтетінін ескерсек, осы жолғы санақ еліміздегі экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістер қай деңгейде екендігін, билік тарапынан жасалатын мемлекеттік бағдарламалар бағыты қалай болатынын айғақтап береді. Сонымен қатар, білім, жамансып қамту, туу және көші-қон мәселелерін шешуге жаңа серпіліс беруі тиіс.

Санақ парақтарына енгізілген сұрақтар саны өткен санаққа қарағанда кеңейтілді. Яғни 67 негізгі сұрақ пен 20 жаңа сұрақтан тұрады. Сұрақтар Еуропалық статистиктердің ұсыныстарына сәйкес жасалды.

Санақты өткізуге тартылған санақ қызметкерлері мегаполистің қоғамдық көліктерінде тегін жол жүрумен қамтамасыз етілген.

Әзірлеген
Ә.ДАҒЖАН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ҮШ ТҮРЛІ БАҒЫТТА ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

Бірінші бағыт – тұрғындардың тұрғын-үй жағдайы туралы. Бұл 8 сұрақтан тұратын «2-Ж.Бланкисін» толтыру арқылы жүргізіледі. Бланкисі – тұрғын үй типі, жалпы ауданы, сумен жабдықталуы, жылыту жүйесі, бөлмелер саны туралы ақпарат қамтылады.

Екінші бағыт – Қазақстанда тұрақты тұратындар үшін жүргізіледі. Бұл 40 сұрақтан тұратын «3-И.Бланкисін» толтыру арқылы жүргізіледі. Бланкисі – жынысы, туған күні, ұлты, білім деңгейі, неке жағдайы сияқты сұрақтар бар.

Үшінші бағыт – Қазақстанда уақытша жүрген азаматтар үшін жүргізіледі. Бұл 11 сұрақтан тұратын «4-В.Бланкисін» толтыру арқылы жүргізіледі. Бланкисі – жынысы, азаматтығы, тұратын елі, ҚР-ға келу мақсаты жайлы сұрақтар қойылады.

Суару алгоритмі әзірленді



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Алатау ауданында «Бюджетке қатысу» жобасы аясында жұмыстар жалғасып жатыр. Оның ішінде «Алғабас» шағын ауданында су құбыры және кәріз желілерін дамыту жобасының 1-ші, 2-ші кезеңдерін іске асыру барысында шағын ауданның бірқатар көшелері инженерлік желілермен толық қамтылатын болады.

Бұл көшелерге тұрғындар тарапынан абоненттік құбырлар жүргізілгеннен кейін уақытты тиімді пайдалану үшін жол құрылысы жоспарлануда. Бүгінде мердігер мекеме «Алматыинжстрой» АҚ тарапынан шағынаудандағы Зұлпықар көшесінде асфальт жабынын қалпына келтіру жұмыстары толығымен жүргізілді.

Сондай-ақ, аудан аумағында 53 аулалық аумақты көріктендіру бойынша жұмыстар жоспарланған. Мердігер мекеме – «SCS Инжиниринг» ЖШС. Қазіргі уақытта «Саялы» шағынауданындағы 30 аулада құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының уақытылы және сапалы орындалуы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Бүгінде барлық көлік инфрақұрылымы жаңғыртылатын стратегиялық жоба аясында ауданда

жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында бірқатар шағынаудандарда жергілікті маңыздағы автожолдарды жақсарту бойынша құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда «Көкқайнар» шағынауданындағы «Радуга» бау-бақша серіктестігінде (Центральная көшесінен Ақжарық көшесіне дейін) жалпы ұзындығы 1,6 шақырым болатын орташа жол жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Құрылыс жұмыстарының уақытылы және сапалы орындалуы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Тағы бір айта кететін жағдай, Алатау ауданында 114 га жасыл аймақты, 25000 дана ағаш және 8000 м² гүлзарды 3 мердігер мекеменің («СМТ и К» ЖШС, «Самұрық көлсай» ЖШС, «Адо-ба» ЖШС) күшімен суару жұмыстары жүргізіледі, аталған жұмыстарда 20 бірлік арнайы техника және 35 жұмысшы жұмылдырылған. Техникалық ерекшелікке сәйкес суару жұмыстары күн сайын сағат 19.00-ден 09.00-ге дейін жүргізіледі.

Байқалып жатқан аптап ыстық кезеңдерге байланысты әкім аппараты тарапынан «Су – тіршілік көзі» акциясы ұйымдастырылып, жасыл желектерді суару алгоритмі әзірленді. Суарудың күшейтілген кестесіне сәйкес, суару жұмыстары күніне 3 рет жүргізілуде.

ҚУРАҒАН ЖАС КӨШЕТТЕР

күзде қайта қалпына келтіріледі



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласы бойынша жасыл желектердің ауданы 14,5 млн. м²-ге дейін ұлғайған. Бұл жайында қалалық филиал жанындағы Экологиялық кеңестің кезекті отырысында қалалық жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская мәлімдеді.

Сонымен қатар, 2020 жылы 282 мыңға жуық көшет отырғызылғанын және құрап қалған жас көшеттер күз айларында қайта қалпына келтірілетінін жеткізді. Бұдан бөлек, Алатау бөктеріндегі бұрынғы «Динамо» тау шаңғысы базасының орнына салынып жатқан құрылыс пен Ақушерлік және гинекология ғылыми орталығының жанындағы орман паркін жою туралы мәселелер қаралды.

Аталған сұрақтар бойынша қалалық жер қатынастары, қалалық жоспарлау және урбанистика, қала құрылысын бақылау және жасыл экономика басқармасының өкілдері жауап берді.

Алатау бөктеріндегі құрылыс бойынша Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының қорытындысына, сондай-ақ қаланы дамытудың бас



жоспарына және осы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарына сәйкес, учаске тұрғын аймақта орналасқан, қала құрылысына және басқа да шектеулері жоқ екені жайында Жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Кулболдинов баяндады.

Осы тұрғыда, кеңес мүшесі Тимур Елеусізов тау бөктерінде жеке тұрғын үй құрылыстарын болдырмау және табиғатты қорғау мақсатында, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шектеу қою керектігін жеткізді.

Сондай-ақ, кеңес мүшелері тарапынан Жер қатынастары басқармасына Алатау бөктерінде алдағы уақытта орын алуы мүм-

кін жағдайлар бойынша ақпарат әзірлеу ұсынылды.

Қалалық жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская баяндамасы негізінде ғылыми орталық жанындағы орман паркіндегі ағаштарды кесу бойынша мемлекет тарапынан заңды түрде рұқсат берілгенін және рұқсат алушы тараптан кесілген ағаштардың өтемақысы ретінде Медеу ауданының Бутаковка алаңына ағаштар отырғызғанын айтты.

Кеңес мүшелері аталмыш сұрақтарға байланысты, жекеменшік иелерінің табиғатты қорғауға қатысты заңнамалық құжаттарға өзгерістер енгізу және заңды күшейту бойынша ұсынымдар білдірді.

АРЫҚТАРДАН СУ АҚСА...

салқын леп есіп тұрар еді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шіркін, мына қапырықта қаладағы арықтарда судың сарқырап ағып жатқаны қандай ғажайып! Мәселен, мен таңертеңгісін жұмысқа келе жатқанда Масаншы көшесімен төмен қарай біраз жер жаяу жүретінім бар. Сонда жол бойын жағалай тартылған арықтағы су өзімнен бірге жарысып ағатындай әсер аламын. Суға қарасам, тынысым ашылып, ауаның салқын дағанын сеземін.

Жасырып-жасқап кайтеміз, қала көшелеріндегі арықтардың біразы сусыз қанырап бос жатыр. Бұл туралы әлеуметтік желілерде қала тұрғындары жиі талқылап, дәлел ретінде суреттерін де салып жатады. Десек те, қала ішіндегі арықтардың сусыз бос жату себебін мамандар өзендердің өзімізге тиесілі болмауынан деп отыр. Кім біледі, бұл саланы толық білмегеннен соң біздің де біржақты пікір қалыптастырып, жөн-жосықсыз мамандарды кінәлай беруге болмайтын шығар. Әйтпесе, қаланың байырғы тұрғындары арық туралы сөз бола қалғанда, осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын Алматының 40-тан астам көшесінде таудың таза мөлдір суы сарқырап ағып жататынын, мұндай көрініс өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін жалғасқанын жарыса айтып отырады. «Алматының көркі тек қана ағаштары мен көшелері емес, арықтарда мөлдіреп ағатын суы да өз алдына бір керемет болатын. Алақандай апорт алмалары сумен ағып өткенде балалар соны жумай-ақ жей беретін. Яғни арық деген ол – тек қана су емес, біздің Алматымыздың тарихының бір бөлшегі» деп еске алады олар.

Рас, арықтың жағасында дема-



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыдағы арық желілерінің жалпы ұзындығы 1525 шақырымды құрайды.
- Аудандық әкімдіктер еншісінде – 1138 шақырым, аулалар аумағында – 245 шақырым, саябақ аймақтарында – 60 шақырым.
- 424 шақырым арық желілері жөндеуді немесе реконструкциялауды қажет етеді.
- Суару үшін 168 шақырым арық қолданылады.

лып отырсаң да салқыны есіп, бір серпіліп қалатынын бар. Одан бөлек, арық сулары буланып, ауаны дымқылдатып тұрады. «Аптап ыстықта ауаны салқындататын қасиеті де бар», – дейді алматылықтар.

Ендеше, ыстықтан ыққан ел самалында саялап, салқын леп есіп тұру үшін арнасы кепкен арықтарға үздіксіз су ағып жатса, нұр үстіне нұр!

Осыдан біраз уақыт бұрын Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте арық желілерін түгендеу нәтижелері қаралып, нәтижесінде арықтарды абаттандыру және жауын суын ағызу бойынша кешенді шаралар қабылданған еді. Арық желілерін түгендеу қала әкімі Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жағдайдың

өзектілігіне орай қолданыстағы арық желілері мен жауын кәріздерінің карта-сызбасын әзірлеу мақсатында жүргізілді. Сондай-ақ, жасыл желектерді сумен қамтамасыз етудің және жауын суын ағызудың кешенді шараларын әзірлеу міндеті қойылды.

Сол уақыттан бері арық желілеріне қатысты қалада біраз жұмыстар атқарылды. Алматыға кейіннен қосылған елдімекендерде жол салғанда көше бойына бірден су арналары орнатылды, қала ішіндегі тозығы жеткен арықтар ауыстырылды.

Алматы қаласы әкімдігінің қоғаммен байланыс қызметінің мәліметіне сүйенсек, Алматының арық жүйесі маңыздылығы бойынша көпсалалы және жасыл желектерді суаруға әрі жайлы микроауақ құруға арналған.



#QAZAQSTAN30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
«Nur Otan» партиясы
Алматы қаласы
төрағасының бірінші
орынбасары:

– Тәуелсіз Қазақстан –
әрбір жас қазақстан-
дықтардың жарқын бей-
несі. Тәуелсіз еліміздің

арқасында мен де армандаған маманды-
ғымда оқып, алға қойған мақсаттарыма
жету жолында еңбек етіп келемін. Қазір
жинаған тәжірибем мен білімімді өңірі-
міздің көркеюіне, еліміздің өркендеуіне
бағыттаудамын. Өйткені, төбеміздегі бейбіт
аспан мен жастарға берілген барлық
мүмкіндіктер бізді осы бағытқа жетелейді.


Біз, жас өскелең жастар, тәуелсіз Қазақ-
станның болашағымыз. Ата-бабалары-
мыздың аңсаған арманы – тәуелсіздіктің
бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан
біздер шынайы бақытты жандармыз. Еліміз
енселеі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!
Әрбір отбасыға амандық пен тұрақтылық,
ұзақ ғұмыр тілеймін!



Гүлназ СӘБИТОВА,
дәрігер:

– Тәуелсіз еліміздің
«Мәңгілік Ел» болу
мұраты ата-бабалары-
мыздан келе жатқан үл-
кен мақсат екені бар-
шамызға мәлім. Қазіргі
таңда сол «Мәңгілік
Ел» болу мұратына

жету үшін Елбасымызбен бірге отыз жыл
көлемінде жетістіктерге жетіп, қиындық-
тарды бірге еңсеріп келеміз. Осы орайда
мен өз кезегімде, мемлекеттік жастар сая-
сатының дамуы мен қалыптасуы жолында,
адалдықтың туын желбіретіп Тәуелсіз
Қазақстанымыздың өркендеуіне үлес қосып
келемін деп нық айта аламын. Бүгінде
Тәуелсіз мемлекетіміздің одан ары қарай
жандануы үшін жастар болып бірге әрекет
етуіміз қажет. Сонда ғана дамыған 30
мемлекеттің сапында көш бастайтынымыз
айдан анық.



Жасмин АШИМОВА,
жеке кәсіпкер:

– Мен Тәуелсіз Қа-
зақстанда дүниеге
келдім, Қазақ-
станыммен өсіп-өр-
кендеп келе жатырмын.
Бүгінде мемлекеттік
жастар саясатының бел

ортасында, достарым-
ның артқан сенімін ақтау жолында қызмет
етіп келемін. Қазақстанымыз жас мемлекет.
Оның өркендеп дамуы жолында Қазақстан
Республикасының Тұңғыш Президенті,
Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еткен еңбегі
орасан зор. Жастарды қолдауы бүгінде
назардан тыс қалған емес. Елбасының
жастарға артқан сеніміне ризашылықпен
қараймын. «Jas Otan» Жастар қанатының
кезектен тыс V съезінде Елбасы: «Ел ертеңі
мен ұлт тағдыры жастарға тікелей
байланысты», – деген еді. Міне, қазір де
маған бұл сөз үлкен қуаныш пен зор сенім
сыйлады. Тәуелсіз елімізде еркелеп өсіп
келе жатырмыз. Мемлекеттік жастар
саясатын іске асыруға қосқан үлесі үшін
«Жылдың үздік волонтері», Қазақстан
Республикасы Президентінің 2020 жылғы
14 қыркүйектегі Жарлығы бойынша
«Халық алғысы» мерекелік медалі және
Қазақстан Республикасының Тұңғыш
Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың
Алғыс хатымен марапатталдым. Бұл да
өзіме деген жауапкершілік деп сезінемін.

Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ЕҢ БАСТЫСЫ – ЕЛДІҢ АМАНДЫҒЫ

Алматының электронды картасында ТЖ кезінде зардап
шеккендерді қабылдау пункттері пайда болды



Суреттер Алматы ТЖД-нен алынған (оқу-жаттығу барысы)



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

**Табиғаттың тосын сыйы көп. Күтпеген
жерден жазатайым оқиғалар орын алып
жатса, бізге ең бірінші көмек қолын
созатын – мейірімді жандар мен қаладағы
құзырлы орындар...**

Бәлкім содан да болар, Алматы қаласы
Төтенше жағдайлар департаменті қаланың
электрондық картасын әзірлеушілермен
бірлесіп, шұғыл жағдайларда зардап шеккен
халықты қабылдау пункттерінің орналасқан
жері туралы ақпаратты орналастыру жобасын
іске қосты. Қазіргі уақытта олар тек оқу-
жаттығу ретінде ғана пайдаланылуда. Бірақ
сел, көшкін және жер сілкінісі секілді табиғи
апаттар орын алған жағдайда алматылықтар
осы қабылдау пункттеріне бара алады.

Бүгінде Алматыда барлығы 220 пункт бар.

Алматы қаласы ТЖД бастығы Руслан
Қасымбаевтың айтуынша, әдетте, төтенше
жағдай кезінде зардап шеккендер білім беру
ұйымдарына, яғни мектептерге, балабақша-
ларға, колледждерге, ЖОО-ларға орналасты-
рылады.

Кез келген алматылық «2ГИС» қосым-
шасы арқылы ұялы телефоннан өзіне жақын
орналасқан халықты қабылдау пунктін таба
алады. Өйткені, бұл қосымша қала
картасында сізге жақын орналасқан барлық
пункттерді көрсетеді. Сондай-ақ, мекен-
жайларды Алматы ТЖД сайтынан көруге де
болады.

ТЖ кезінде қабылдау пунктіне жүгінген
адамға барлық мәліметтер енгізілетін кар-
точка беріледі. Неге десеңіз, көпшілігіміз
өзімізбен бірге құжаттарымызды алып жүр-
меуіміз мүмкін. Сондықтан деректер адам-
ның айтуы бойынша жазылады. Бұл ақ-

паратты ТЖД қызметкерлері өз базасына
енгізеді.

Бұдан бөлек, қабылдау пунктінде Меди-
циналық және психологиялық көмек көр-
сетіледі. Киім мен тамақ беру де қарасты-
рылған. Әлбетте, бұл – адам өз-өзіне келгенге
дейінгі уақытта баспана және олар 36
сағатқа есептелген.

Электрондық карта деректері мезгіл-
мезгіл жаңартылып отырады. Өйткені,
элементтердің мекенжайы өзгеруі мүмкін.
ТЖД қызметкерлері барлық білім беру
объектілерінен қауіпсіз және кедергісіз кіру
жолдары, сондай-ақ үлкен аумағы бар жол-
дарды таңдайды. Алматыдағы құрылыстың
тығыздығына байланысты кейбір мектеп-
терге, жоғары оқу орындарына немесе бала-
бақшаларға келу мүмкін емес, сондықтан
ТЖД қызметкерлері халықты қабылдау
пункттерін жылына бірнеше рет қайта қарап
отырады.

ТАУ ТАЗАЛЫҒЫ аса маңызды



**Әсел
ДАҒЖАН**

**Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық
табиғи паркінің аумағында экологиялық
рейд өткізілді.**

Шараға парк қызметкерлерімен қатар,
Алматы қаласы Туризм басқармасы мен
табиғатты қорғау полициясының өкілдері,
еріктілер, «Kaz Eco Patrol» РҚБ, орман-
шылар және мемлекеттік инспекторлар
қатысты. Бірлескен іс-шара барысында эко-
логиялық заңнаманы бұзу фактілері анық-
талды. Атап айтқанда, орман фаунасын
жою және зақымдау, сондай-ақ қалдықпен
ластауға қатысты 1 дерек тіркелді. Сондай-
ақ, өрт қауіпсіздігі ережесі мен орманның
санитарлық ережесін сақтамауға қатысты
3 дерек тіркелді. Бір ескерерлігі, Іле
Алатауы паркіне жыл сайын 250 мыңнан
астам турист келеді. Олардың көбеюіне

байланысты ұлттық парк антропогендік
факторлардың әсерін азайту үшін турист
маршруттары мен соқпақтарын үнемі қа-
дағалап отыруы керек. Осыған байланысты
қатты тұрмыстық қалдықты бөлек жинау
және сұрыптауды енгізу жөніндегі жол
картасы жасалды.

«Оны жүзеге асыру барысында 2020
жылы 2 заманауи қоқыс тасығыш, қатты
тұрмыстық қалдықты жинауға арналған 135
контейнер және органикалық және тамақ
қалдығына арналған 90 контейнер сатып
алынды. Жыл басынан бері саябақ аума-
ғынан 400 тоннадан астам қоқыс шыға-
рылды. Сондай-ақ, өрт қауіп жағдайын
ушықтырмас үшін 4 тамыздан бастап
саябақ аумағында от жағуға тыйым салын-
ды. От жаққан және қоқыс тастаған адамдар
әкімшілік жауапкершілікке тартылады», –
деді ұлттық парк мамандары.

Соңғы жылдары алматылықтар мен
қала қонақтары арасында тау туризміне



қызығушылық артқан. Оған пандемияның
да әсері бар. Дегенмен, адамдар тауға
жақсы көңіл күй, демалыс іздеп келіп, тау
қойнауын қоқысқа толтырып кететіні қын-
жылтады. Сондықтан айналамыздағы сұлу-
лыққа өз қолымызбен нұқсан келтірмейік.

ТІЛСІЗ ЖАУҒА ТОСҚАУЫЛ ТЖД өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауға шақырды

**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

**Кеше таңғы сағат 5:49-да Медеу
ауданындағы «Кімасар шатқалы»
баурайында құрғақ шөптердің
жанып жатқаны туралы хабарлама
келіп түсті.**

Оқиға орнына ТЖД табиғи өртті
жою бойынша бірлескен арнайы
құрамы – 36 адам, 9 бірлік техника,
сондай-ақ Іле Алатауы МҮТП
қызметкерлері дереу жіберілді. Тік
беткейге байланысты өрт сөндіру
техникасын жұмылдыру қиындық
келтірді, осыған байланысты жоғары-
дағы жану ошағына өрт сөндірушілер
жаяу көтерілді.

Өртті сөндіру үшін Ермак аспалы
өрт сөндіргіштері, шанцты құралдар

(шартылдақтар, күректер) қолда-
нылды. Тұтану орнында жер жырты-
лып, қабылданған шаралармен өрт
7.39-да оқшауланды.

Таулы-орманды жерлерде өрт қау-
пінің жоғары болуына байланысты
қала тұрғындары мен қонақтарға
ашық отты пайдаланудан, от жағудан,
темекі шегуден және құрғақ шөп пен
орылған шөпті жағудан бас тартуды
сұраймыз!

ҚР Әкімшілік кодексі 367-бабы-
ның 3-бөлігіне сәйкес ерекше қорға-
латын табиғи аумақтарда өрт қауіп-
сіздігі талаптарын бұзғаны үшін жеке
тұлғалар 100 АЕК – 291 мың 700 теңге
мөлшерінде айыппұл түрінде әкім-
шілік жауапкершілікке тартылады.
Ауыр зардаптар туындаған жағдайда
кінәлі тұлғаларға қылмыстық іс қоз-
ғалатын болады.





ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРАЙЫҚ!

Қалада 160 екпе пунктi жұмыс iстеп тұр

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ бойынша вакциналауға жауапты 9 медициналық ұйым бар. 25 егу пунктi емханаларда, сауда орталықтарында, мектептерде, жеке медициналық клиникаларда ашылған.

Күн сайын сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін «Moskva Metropolitan», «Grand Park», «Asia

Park», «Almaty Mall», «Sputnik Mall», «Армада», «Спутник» СОСО, «Тигрохауд», «Сag City» сауда орталықтарында, сонымен қатар, №6, 10, 16, 18 емханаларда және жеке клиникаларда екпе салдыруға болады. Бүгінде аудан бойынша 96 700-ден астам адам вакцина алған.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ бойынша бүгінде 8 вакциналау пунктi жұмыс iстеп тұр. Екпені күн сайын сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін алуға болады.

Аудан әкімі Гүлнар Көкебаеваның айтуынша, бүгінгі күнге дейін Жетісу ауданының 43 700-ден астам тұрғыны коронавирусқа қарсы екпе алған.

«Егер бұрын бұл індеттен аға буынға қауіп төнген болса,

қазір «дельта» штамы жастар, балалар арасында тез таралуда. Осыған байланысты мен қала тұрғындарын жаппай вакцина алуға шақырамын. Бұл ұжымдық иммунитет қалыптастыруға көмектеседі. Дертті бақылауға алып, алматылықтар пандемиямен ойдағыдай күресуге осылайша өз үлестерін қоса алады», – деді аудан басшысы.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ шеңберінде 6 мекенжай бойынша 10 пунктте 20 стационарлық және 5 жылжымалы бригада жұмыс істейді. Мектептерде, базарларда және Халыққа қызмет көрсету орталығында резервте 4 егу пунктi тұр.

Аудан әкімі Санжар Тоғай

да әріптестері секілді, қала тұрғындарын тезірек екпе алуға, өзінің және жақындарының денсаулықтарын сақтауға, дәрігерлер мен санитарлық-эпидемиологиялық талап-ережелердің барлығын барынша жауапкершілікпен орындауға шақырды.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ бүгінгі таңда эпидемиологиялық ахуал бойынша «қызыл аймақтан» шыға алмай тұр. Шаһарда бір тәулікте коронавирус жұқтырып жатқандар саны 1600-ден асып жығылуда. Сондықтан екпе алудан қашпайық. Қалада барлығы 160 екпе пунктi жұмыс істеп тұр. Пункттер санын 250-ге дейін ұлғайту мүмкіндігі де бар.

1028 адамнан тұратын 237 екпе бригадасы жұмылдырылған. 2021 жылғы 8 тамыздағы эпиджағдай бойынша, инфекциялық стационарларда (7110 төсек-орын) жалпы саны 5591 адам емделіп жатыр. Оның 187-сі бала. Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында 11624 науқас бар.

Нұр ЖАМАЛ.



«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ»

Талғат ҚАЛИЕВ,
саясаткер, ҰҚСҚ мүшесі,
«Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» ЖШС директоры:

– Мен екпе алдым, өйткені вакцина коронавирус індетінен қорғаудың бірден-бірі амалы. Бұл тек дүние-танымдық



мәселе ғана емес, ақылды адамның ұстанымы. Қазір бүкіл әлем пандемияның бар екеніне көз жеткізіп, оның ауыртпалығын толық бастан кешірді. COVID-19 жұқтырғандар саны 3 млн.-нан асып отыр. Өкінішке орай, біздің елде кейбір адамдардың өмірін сақтап қала алмадық. Ендігі ұжымдық иммунитет қалыптастыру – әрқайсымыздың міндетіміз.

Дәнеш АСҚАРБЕКҰЛЫ,
журналист:

– Мен «Спутник V» вакцинасын алдым. Вакцина алуға мені ешкім мәжбүрлеген жоқ. Өзбасым,



мәжбүрлі түрде вакцина салдыруға қарсымын. Бірақ бұл вакцина егуге жалпы қарсымын дегенді білдірмейді. Өкінішке қарай, әлем бойынша коронавирусты емдейтін дәріні әлі ешкім тапқан жоқ. Біз қазір коронавирус тудырған аурудың симптомдарын емдеумен ғана шектеліп жатырмыз. Мысалы, туберкулезді емдейтін дәрілердің жаңа буынының тиімділік көрсеткіші 70–80%-ға дейін барады. Осындай дәрі бола тұра балаға туберкулезге қарсы (БЦЖ) екпе егеді. Бұл екпе 1921 жылы шыққан. Содан бері қарай салынып келе жатыр. Қателеспесем, 2008–2009 жылдары (БЦЖ) екпесін елімізде мыңдаған бала түрлі себеппен алмай қалған болатын. Статистикаға және дәрігерлердің мәліметіне сүйенсек, сол екпе егілмеген балалардың көбі кейін туберкулезбен ауырған, өзге де вирустық жұқпалы ауру жұқтыру көрсеткіші күрт өсіп кеткен болатын. Сол себепті, екпе егуді әзірге індеттің бетін қайтарудың жалғыз тиімді жолы деп санаймын.

Әзірлеген
А.ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Жүкті әйелдер де екпе алуға

АҚШ мемлекетіне қарасты Нью-Йорк штатының тұрғындары қыркүйектің 13-інен бастап мейрамхана, спортзал мен өзге де ғимараттарға кіру үшін вакцина алғанын дәлелдейтін құжатты ұсынуы тиіс.

Бүгінде жергілікті халықтың 60%-ы екпенің 1-ші дозасын қабылдаған. Алайда, тұрмыс деңгейі төмен өңірлерде вакцина салдырғандардың саны әлі де аз көрінеді.



ГРУЗИЯ жерінде коронавирустың «төртінші толқыны» шарықтау шыңына жеткен. Жергілікті мамандар эпидемиологиялық жағдайы коронавирустың жаңа штамдарының таралуы мен адамдар арасындағы санитарлық ережелердің сақталмауынан дейді. Сондай-ақ, вакциналау қарқыны да мез емес көрінеді.

Грузия ауруханалары науқасқа толы. Ал үйде емделіп жатқандардың көбісі дәрігерге көріне алмай қиналуда. Өйткені, денсаулық сақтау жүйесінде жүктеме көп, ақ халатты жандар үлгермей жатыр, күніне 4 мыңнан астам науқас тіркеледі.

ИСПАНИЯ елінің оңтүстігінде ковид індетіне байланысты коменданттық сағат енгізілді. Тиісті шешімді жоғарғы соттың сот-әкімшілік палатасы шығарған. Басқа амал жоқ. Шектеу аймақтағы бірнеше қалада қолданылады. Сонымен қатар, тұрғындардың түнгі 02.00-ден таңғы 07.00-ге дейін көшеде себепсіз жүруіне тыйым салынған. Талап-ережеге бағынбағандар жергілікті полициялардың құрығына түседі.

ИТАЛИЯ билігі тұрғындардың вакцина салғандығын дәлелдейтін сертификаттың қолданыс аясын кеңейте түспек. 1 қыркүйектен бастап «Green Pass» деп аталатын құжатты ұшақ, пойыз, паром мен автобустың ішінде, сонымен қатар, бассейн, спортзал, кино, театр мен стадиондарға кірер алдында көрсету керек.

Бұл сертификат жоғары оқу орындарында оқитын студенттер үшін де ауадай қажет. Универ-

лердің де оқытушылары да міндетті түрде вакцина алады.

КУБА билігі аяғы ауыр және емізулі баласы бар әйелдерді ковидке қарсы вакциналауды бастады. Оларға отандық «Абдала» екпесі қолданылуда.

Куба ғалымдары тағы бір вакцина әзірлеуді бастапты.

Еске сала кетсек, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өміріне үлкен қауіп төніп тұрған жүкті әйелдерге екпе салдыруды мақұлдаған болатын.

СЕРБИЯ жеріне Үндістаннан туристер ағыла бастаған көрінеді. Соңғы бірнеше айда аймаққа 1000-нан астам үнді азаматы келген. Себеп біреу – вирус дес бермей тұрған елдің тұрғындарын әлемнің өзге елдері қабылдауға құлықсыз.

Ал Сербияда ондай талап жоқ, үнділер визасыз кіре алады. Бар болғаны ПТР-тесттің теріс нәтижесі мен егілгенін дәлелдей алса болғаны.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



Қылмыс әшкереленді

Елімізде 6 дәрігер жалған вакциналау паспортын сатқаны үшін жауапкершілікке тартылған. Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрлігінде өткен жұмыс кеңесінде айтылды.

Қазақстанда жалған вакцина паспортын және ПТР-тест сатудың 110 дерегі тіркелген. ПТР-анықтаманы қолдан жасағаны және жалған вакциналау паспортын жасағаны үшін 28 адам әшкереленді, оның ішінде медицина өкілдері – 20 (6 дәрігер, 14 медицина қызметкер), арадағы делдалдар – 8 адам.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу кезінде жалған вакциналау паспортын және ПТР-анықтама сату туралы 70 хабарландыру анықталды, оның 37-сі бұғатталған.

4 қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі шықты. 43 қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттері және сараптамалық зерттеулер жүріп жатыр. Олар аяқталғаннан кейін күдіктілердің іс-әрекетін құқықтық бағалай отырып, шешім қабылдайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Дін өкілдері вакцинаны қолдайды



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Талдықорған қаласындағы орыс Православ шіркеуінің епископы Нектарий COVID-19 вакцинасына қатысты пікірімен бөлісті.

Шіркеу қызметкерлеріне жиі қойылатын сұрақтардың арасында бірқатары вакцинаға да қатысты. Осы арада Алматы епархиясының викары, Талдықорған епископы Нектарий орыс Православие шіркеуінің вакциналау мәселесіне оң көзқараста екенін айтты.

Діни сенім өкілінің айтуынша, бүгінде біздің қоғам бұрын-соңды болмаған коронавирустық инфекцияның ауыр сынақтарын бастан өткеруде.

«COVID-19 көптеген адамның өмірін қиды және халықтың тұрмыс-тіршілігіне кедергі келтірді. Індетпен күрестің ең тиімді әдісі ретінде мамандар жаппай вакциналануды ұсынып отыр. Екпенің арқасында қаншама аурудың алдын алуға, өлім-жітімді төмендетуге және өмір сүру ұзақтығын арттыруға мүмкіндік туды. Ғылымның жетістігіне қуана білуіміз керек», – дейді алматылық епархияның викары.

Дін өкілі осы уақытқа дейін көптеген эпидемия вакцинаның арқасында жойылғанын нақтылап айтты. Епископ биылғы мамыр айында Мәскеудегі Сретенская теологиялық академиясында православ ілімі аясында вакциналау мен этикалық мәселелерді талқылауға арналған «дөңгелек үстелдің» өткенін де тілге тиек етті. Сол жиында сарапшылар мен православиенің қауымдастық өкілдері вакцина салдыру немесе одан бас тарту әр адамның жеке шешімі деген болатын.

Ал вакциналау туралы теріс пікір таратушылардың жалған сөздеріне сенбеу, жасырын чиптеу туралы конспирологиялық пікірлер «анархист мөрінің қабылдануымен» бірдей деп саналатын жалған ілімдердің таралуы үлкен күнә екенін атап өтті.

ОПШ өкілі вакцина тұрғындардың денсаулығын сақтап, олардың ағзасын нығайтады деп санайды. Әлемдік дін өкілдері вакциналанудан бас тартатын барлық діни сенушілер тек өздерін ғана емес, айналасындағылардың денсаулығын ойлаулары тиіс екенін, өйткені барлық дін ең алдымен жақындарын қорғауды басты парыз санайтынын ескертті.



«Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы...
Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын
темірқазығына айналуы қажет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

(«Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласынан).



Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуын – ашыған у, ойын – кермек.
Мұндасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек.

Жас – қартаймақ, жоқ – тумак, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісін бар ма?!

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Көрдік қой дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреу етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты – бүтін, іші – түтін.

Мал жияды мақтанып білдірмекке,
Малмен шұқып, көзіне күйдірмекке.
Өзі шошқа, өзгені иг деп ойлар,
Сорпа, су мен сүйекті сүйдірмекке.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Ақылын мен еңбегің екі жақтап.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Бірақ ол қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінін» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмекке кетермін түк өндірмей.
Өлең, шіркін, өсекші жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Адамзаттың алыбы



Белгілі ғалым Болат Жұнісбековтің ұлы ақын мұрасы мен оның өнеріне арналған «Абайдың ақын ұлдары», «Абай сәулесі», «Ғайып» атты кітаптары оқырманға жол тартты.

«Абайдың ақын ұлдары» жинағы хақимнің дарынды ұлдары Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл және немересі Әубәкір Ақылбайұлының өмірлері мен шығармашылықтары туралы әңгімелейді.

«Абай сәулесі» арқылы оқырман автордың ұлы дала-

ның ұлы перзенттері – Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Омарханұлы шығармашылығы туралы зерттеулерімен және эсселерімен танысады.

Ал «Ғайып» кітабында автор көркем прозаның новелла жанрында қалам тербей отырып, ұлы ақын ізімен тірлік табиғатының қалтарыстарына үңіліп, оларды көркем тілмен өрнектейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҒЫЛЫМ

Ұлы ақынның тапқырлығы

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратындығын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызып:

– Шырағым, дүние неге сүйенеді? – деп сұрайды. Абай:

– Дүние үмітке сүйенеді.
– Көздің көрмесі бола ма?
– Көз қабағын көрмейді.
– Шам жарығының түспесі бола ма?

– Шам жарығы табанына түспейді.
– Болат пышақтың кеспесі бола ма?

– Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

– Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?

– Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды, – дейді бала Абай. Жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жазып беруін сұрайды. Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талпынған мен балапан ұядағы.
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табанына.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,

Мақлұқат тартпай қоймас

тамағына, – депті. Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? – дейді.

– Е, шырағым, сұрай ғой, – депті Жанқұтты.

– Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? – депті Абай. Жанқұтты:

– Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе? Жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол, – деп батасын беріпті.



Роза
РАҚЫМҚЫЗЫ

Қазақтың кеменгер Абайы қаранғы түнекті как жарып туған жарық ай десек, оның сәулесіне шомылып, үлгі-өнегесімен сусындап өскен жасөспірім, көкөрім таланттар алыптың айналасындағы сансыз жұлдыздар іспетті болды. Абайдың артықшылығы – ол өлеңді ермек етіп, сөзбен сурет салып қана қойған жоқ, қазақтың бойындағы қыңырлықпен, надандықпен күресті, ұлт әдебиетіне жан бітіріп, іші-сыртын түзеді, терең ақыл-парасатымен, асқан шыншылдығымен өлең, сөзге өзгеше мән-мағына беріп, мейлінше түрлендірді.

Абайдың ерекше таланты мен атағын асқақтатып, ел ішіндегі беделін көтерген әділдік, адалдық, мейірбандық тәрізді адами ізгі қасиеттері сол маңайдағы өнерлі жастардың ақын айналасына үйіріліп, оны өздеріне ұстаз тұтуына негіз болды. Бұрын-соңғы әдебиетшілердің зерттеулерінен білетініміздей, Абай сол жас талаптарға ұстаздық етті, біреулеріне өлең жазуға арнайы тақырып берсе, енді біреулеріне өзі әлем әдебиетінен оқыған қызықты сюжеттерді, тарихи оқиғаларды әңгімелеп беріп, болашақ шығармаларына жол нұсқады.

Жазғандарын оқып, ағалық ақыл-кеңесін, ескертулерін айтып отырды. Әділдікті сүйетін, жалғандыққа, жамандыққа жаны қас ұлы ойшыл кімге болсын әділ төрелігін айтып, қажымай-талмай үйретті, жалықпай жетеледі. Және ол еңбегі жеміссіз де болған жоқ. М.Әуезовтің уәжіне жүгінсек, «...Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде оқушы тауып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсеткен болар еді».

Ақынның шәкірт-достарының өз ортасынан суырылып шығып, жеке-дара танылуына Абайдың оларға әрдайым жоғары талап қоюы да себепкер болғаны анық. Өмір шындығын боямасыз әрі дәл көрсетіп, өнердің тәрбиелік мәнін ескеруді жоғары орына қойған ақын шәкірттеріне де осы талап тұрғысынан қарады, жасандылықтан бойын аулақ ұстауды тапсырды.

Бұл ретте қазақтың Абайы кез келген ұлттың беткеуштар



ойшылынан оқшау әрі дара тұр. Мұның себебін әдебиетші ғалым Бауыржан Ердембековтің тілімен түсіндірер болсақ, «...Әлем әдебиетінде шәкірт тәрбиелегендер некен-саяқ кездескенімен, дәл Абай сияқты бірнеше ақынның басын құрап, тақырып беріп, өлең жазғызып, жазғанын ортаға салып талдап, түзеп дегендей, шын мәнінде, осындай әдеби іс жосығын жүзеге асырғандары кемде-кем. Өзімізге етене жақын орыс әдебиетіне назар аударсақ, А.Пушкин де, М.Лермонтов та әдеби мектеп ашып, шәкірт тәрбиелемепті.

XIX ғасырдың 50-жылдарында орыс әдебиетіне Н.Гогольдің әсері зор болғаны белгілі. Әйтсе де, «Біз Гогольдің «Шинелінен» шыққанбыз» деген кейінгі қаламгерлердің қанатты сөзі жазушының тікелей шәкірттері емес, оның дәстүрін жалғастырушылардың айтқаны екенін естен шығармау керек». Басқаша айтқанда, Гогольдікі – дәстүр, бағыт та, Абайдікі – ұстаз бен шәкірт арасындағы тікелей қарым-қатынастың көрінісін байқататын тура мағынасындағы мектеп болып шығады.

Ақын майданы ұзаққа созылды

Дейтұрғанмен де, «ұлы» халықтың беткеуштар ақын-жазушыларында кездесе бермейтін тікелей әдеби қарым-қатынастың айғағы болған ақындық мектеп, ақын шәкірттер қазақ әдебиетіне, оның ішінде Абайға тиесілі болуы кеңестік танымның қалыбына сыя бермеді.

Осынау қыңыр түсініктің салдарынан Абайдың өз айналасына тигізген әсері, тағылымдық қарекеттері тұмшалана берді. Мұның аяғы Абайдың Көкбай, Ақылбай, Шәкәрім, Мағауия, Тұрағұл тәрізді аса дарынды шәкірттері мұраларының елеусіз, ескерусіз күйде, зерттеушілердің де, қалың көпшіліктің де назарынан тыс қалуына әкеліп соқтырды. Тіпті, оны былай қойғанда, Абайдың ақындық мектебін зерттеп және оның бұл екендігін дәлелдеп баққан Абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың осы әрекеті үшін ғана 25 жылға сотталып кеткені тағы бар.

Қайымның «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырыптағы диссертациясын қорғауы – ел тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Содан бастап Әуезов пен Мұхамедханұлын айыптау күшейе түсті. Сол кездегі советтік әдебиеттанушылар, «Абай – феодал, бұлар тағы да феодалдар мен солардың айналасын көтеріп жатыр» деп сынды қарша боратты.

Бұл ретте белгілі ғалым Тұрсын Жұртбай Абайдың ұллығын таныту барысында қаншама Абайтанушылар-

дың өмірден қияметпен өткенін өкінішпен еске алады. «Қайым Мұхамедханұлының тағдырымен Абайтанудағы бүкіл бір қияметті кезең тікелей байланысып жатыр. Кеңестік тұстағы әртүрлі идеологияның Абайдың өзін қазақ ұлтымен қоса қара тақтаға қосып жазып, ұлттың бетіне қара дақ түсіруге тырысқан пиғылы болды. Қайым жасөспірім кезінен бастап, қашан көзі жұмылғанға дейін күрес майданынан, Абай майданынан кеткен жоқ және сол үшін барлық арын, ұжданын, ұятын, өмірін, жеке тағдырын арнады, Абайды XX ғасырдың соңына дейін қорғап келді. «Абайтанудан бас тарт. Абайтануды маған жаздырған – Мұхтар Әуезов» деп айт, егер де бас тартып, Әуезовті көрсетсең, кандидаттық атағыңды да, үй ішінді де, жұмысыңды да қайтарып береміз» деген. Соның өзінде «жоқ, екі айтатын адам емеспін. Абай біреу, Әуезов біреу» деп, 25 жылға жер айдалып кетті, ыстық-суық камераны бастан кешті, сонда да, өзінің айтуынша, «Ей, Алла, ей, Алаштың идеясы, Абайдың идеясы, қолдай гөр» деп ішімнен қасарысып отырдым» дейді.

Мұндай қасарысқан төзімді рух кез келген ұлттың интеллигентінің басында өте сирек кездеседі.

Қазақта сондай қайсар тұлғаның бірі де, бірегейі де – Қайым Мұхамедханұлы. Ғалым ретіндегі Қайымның ұлы арнасы, ол Абайтану мектебін толық қалыптастырып, тамырландырып кетті. Қайым «Абай және оның ақындық мектебі» деген ғылыми бағыт қалыптастырды, – дейді Тұрсын Жұртбай.

Айтса-айтқандай-ақ, Қайым Мұхамедханұлы Абай мектебі ақындарының есімін жаңғыртты, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинап, әдеби мұраларын қалпына келтірді. Соның арқасында Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», «Хисса Жүсіп», Мағауияның «Медғат–Қасым», «Еңлік–Кебек», Көкбайдың «Сабалақ», «Кенесары–Наурызбай», Әсеттің «Салиха–Сәмен» және «Евгений Онегин» аудармасы, Әріптің «Біржан–Сара» айтысы, Тұрағұл, Мұқа, Әубәкір және тағы басқа шәкірттері мен Абайдың алашшыл ізбасарларының шығармалары мен аудармалары бүгінгі оқырманға жетті.

Қорыта айтқанда, Абайдың ақындық мектебінің ілгері-кейінді өкілдерінің қай-қайсысы да – зерттеп-зерделеуге, сый-құрметке лайық жандар. Сондай-ақ, олардың әдеби мұрасын саралау күні бүгін де қазақтың сөз өнерін қай жағынан болсын байыта түсері даусыз.



Болат ӘБДІЛМАНОВ, актер:

КҮРЕСКЕР АБАЙДЫ КӨБІРЕК ТАНЫТУ КЕРЕК

Біз 30 жылдан бері Абайдың бейнесін сомдап жүрген кино және театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбділмановпен сұхбаттасқан едік.

– «Абай күнінің» сіз үшін маңызы қандай?

– Абайды ұлықтау – қазақты ұлықтау деген сөз. Ол – ұлтымыздың бетке ұстары, қазақ руханиятының көшбасшысы. Елбасы да «Абайды таныту арқылы бүкіл әлемге қазақ халқын танытамыз» деген. Адамның түріне, түсіне, дініне қарамай бәрін бауырым деп сүйуге шақыру арқылы ол күллі адамзаттың Абайына айналып отыр. Сондықтан бұл мерекенің мен үшін де, ұлт үшін де тұғыры биік.

– «Абай жұмбағы, оның философиясы – әлі толық ашылмаған біртұтас әлем» дейді мамандар. Сізге ақынды қай қырынан таныту қиынға соқты?

– Иә, Абай әлемі – өзінше бір дария. Әрбір деталь маңызды. Тіпті, Абайдың қалай күлетінін жеткізу үшін де алдымен оны түсіне білу керек. Алғашқы жылдары қиынға соққаны рас. Даусымды дұрыс қоя алмай, өзімді-өзім таба алмаған, рөлге толық ене алмай қиналған кездерім болды. Жылдар бойы осы рөлдің айналасында жүргендіктен, былтыр телехикаяға түскенде мен қай жерде қандай көңіл күйі, қандай мимика, қандай қозғалыс қажет екенін сөзсіз-ақ сезініп, іштей біліп отырдым. Жалпы, Абайдың жан-дүниесін көрерменге толық жеткізу мүмкін емес. Әсіресе, өлім аузында жатқан ет бауыры – баласымен қоштасуы, Оспаннан кейін Әбіштен айырылуы сияқты кадрларды ойнау ауыр болды. Мен рөлді қаншалықты шебер сомдасам да, әркімнің ойында өз Абайы бар. Әркім Абайды өзінше, өз қырынан көреді.

– Әр рөл актерді өзінше тәрбиелейді десек, хакім Абайдың рөлі сізге не берді? Абайдың тұңғығына бойлау қаншалықты әсер етті?

– Абай әлемі тіпті, менің өмірлік ұстанымымды, көзқарасымды, позициямды өзгертті десем болады. 30 жасыма дейін мен «Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай» деп, басынан сөз асырмайтын адам

болдым. Ал Абайды танығаннан кейін еңкейгенге де, шалқайғанға да еңкеюді, кішіпейіл болуды үйрендім. Ақынның өзі «Жүректің көзі ашылса, хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі кірді қашырса, Адамның хикмет кеудесі» деп, өлеңдерінде, қара сөздерінде жүрек мәселесін көп қозғаған. Мәселен, кешірімшіл болу, жүректің тазалығы, нәпсімен жұмыс істеу, ақыл мен жүректі тең ұстау мені рухани кемелдікке жетеледі. Қазір жасым 60-тан асты. Абайдың 45 қара сөзін жатқа білемін. Ал оның мағынасын түсініп, теңіздің түбіндегі маржанға сүңгігендей болған сайын өмірлік те, актерлік те тәжірибем өсе бермек. Жалпы, Абай образын сомдау мені сабырлыққа, жан тазалығына үйретті. Адамға актер болу үшін де жүрек тазалығы керек. Әзірбайжан Мәмбетовтің «Жүрегінде қатыгездігі бар адамның сахнаға шығуға хақысы жоқ» деген сөзінің жаны бар. Актердің жүрегі неғұрлым жұмсақ, пейілі таза болса, сахнадағы әр сөзін жүрегінен өткізіп, көрерменге жеткізе алады.

– Бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағына қандай Абайды көбірек таныту керек деп ойлайсыз?

– Абай ешқашан ескірмейді. Оның мұрасы ешқашан маңыздылығын жоғалтпақ емес. Ал қазіргі жастарға күрескер Абайды көбірек таныту керек деп ойлаймын. Тәуелсіз елдің жастары қайратты, жігерлі, бәсекеге қабілетті болуға міндетті. Бірақ біреуді жеңген, біреуден озған адам мықты емес. Өзін жеңе білген, нәпсісін тізгіндей білген адамның озатынын әрқашан есте ұстаған жөн. Жастар әлбетте білімді болуы керек. Ал ақыл мен ғылымның сауыты – мінез дегенге құлақ ассақ, ұлттыңды сүю, еліңді сүю, сол жолда қызмет ету түптеп келгенде мінезге байланысты. Абайдың: «ортаңа біліміңмен емес, мінезіңмен сиясың» деп отырғаны – осы.

Сұхбаттасқан
Айым НҰРМАН.

СӨЗ СӘУЛЕСІ

● ҚИЯНАТ – ХАҚИҚАТ ПЕН РАСТЫҚТЫҢ ДҮШПАНЫ.

АБАЙ.

Абай әндерін онлайн шырқа

Алматы қалалық Мәдениет басқармасының бастамасымен «Абай күніне» орай онлайн байқау жарияланды.

Басты талап – ақынның кез келген шығармасын қазақтың ұлттық аспабының сүйемелдеуімен орындау қажет.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының бастамасымен басқармаға қарасты «Алатау» дәстүрлі өнер театры Абай Құнанбайұлының шығармашылығын дәріптеу мақсатында 10 тамыз – Абай күніне арналған «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жаксы ән мен тәтті күй» атты республикалық онлайн байқау жариялады.

«Сайысқа әншілер де қатысатынын ескертеміз» деген ұйымдастырушылар жас ерекшелігіне шектеу жоғын айтты.

Байқау шарттары төмендегідей:
@alatau.theater парақшасына тіркелу.

Бейнематериалды ресми парақшаның #Алатау_Абайкүні хэштегімен салу және @almatymadeniet және

@alatau.theater парақшаларын белгілеу.

Іріктеуден өткен үздік қатысушы @alatau.theater ресми парақшасына жарияланады.

Бас жүлде – 500 000

I орын – 300 000

II орын – 200 000

III орын – 100 000

Видео фоннда Абай Құнанбайұлына қатысты локацияда болу маңызды.

(Абай ескерткіші, Абай жолы кітабы және т.б. қатысушының креативіне байланысты).

Бейнероликтің фоны, форматы және дыбыс сапасы ескеріледі. Сайысқа бұрын түсірілген, басқа байқауларға қатысқан видеолар жіберілмейді.

Регламент: 3–5 минут.

Байқау осы жылдың 7–10 тамызы аралығында өтеді. Жеңімпаздар лайктайм арқылы анықталады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕРЕК ДЕРЕК

Әділет министрлігінің баспасөз қызметі келтірген деректерге сәйкес, 18 232 қазақстандықтың есімі ақын, ағартушы және философ, жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының құрметіне қойылған.

Соңғы 10 жыл ішінде (2009–2020 ж.ж.) ата-аналар балаларына Абай есімін 2470 рет таңдаған. Олар негізінен Түркістан облысында (415), Алматы (321) және Нұр-Сұлтан (273) қалаларында тұрады.

Ұлы ақынның отаны – Шығыс Қазақстан облысында Абай атты 378 азамат тұрады.

Бүгінде ең үлкен Абай 92 жаста болса, ең кішкентай Абай 2020 жылғы 20 қаңтарда Сарыағаш қаласында дүниеге келген.



«Көзімнің қарасы» – әлеужеліде

«Алатау» дәстүрлі өнер театры хакім Абайдың туған күніне орай, ақынның «Көзімнің қарасы» әнін а'capella, эстрадалық орындауында экран артындағы көрерменге ұсынады.

«Көзімнің қарасының» көпшілік арасында 5-6 шумағы ғана белгілі, шын мәнісінде, оның 22 шумақтан тұратынын жұрттың бірі білсе, бірі білмейді. Абай шығармалары күнделікті өмірде көпші-

лікке жақсы таныс болғанымен, әлеуметтік желілерде аса танымал еместігі белгілі. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында театр әуезді әнге арналып шығарылған бейнебаянның толық нұсқасын әлеуметтік желіге шығарды. Эпидемиологиялық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты, іс-шара тек онлайн түрде көрсетіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТОКИО–2020

Олимпиада аяқталды. Оның нәтижесін іске алғысыз санайтындар өте көп. Шынында да солай ма? Неге бізпосткеңестік кеңістікте Тәжікстанның (мүлде медаль алған жоқ) алдында ғана тұрмыз. Бұған дейін шаңымызды көрмейтін елдер неге алдымызға түсіп кетті? Олар шынында да аса мықты ма? Әрине, бұл сұрақтардың бәріне жауапты мамандар да, спортшылардың өзі де бере жататыны анық. Дегенмен, «темірді қызған кезінде соғып», біз де «буы бұрқыраған» деректерді сараптап көрсек дейміз.

ЖАРАНЫҢ БЕТІН АШҚАН ЖАРЫС БОЛДЫ



Бокс шынында да құлдырады ма?

Иә, олимпиадаларда боксымыз ешқашан осынша төмен нәтиже көрсеткен емес. Токиодан Сәкен Бибосынов (52 келі) және Қамшыбек Қоңқабаев (+91 келі) ғана қоламен қайтты. Бір қарағанда, шынында да тым нашар көрсеткіш. Бұл жолы үш боксшымыз бірден (А.Жүсіпов, Б.Нұрәулетов, В.Левит) алғашқы кездесулерінде есе жіберді, яғни бірінші қарсыластарынан жеңілді. Бұған дейін ешқашан мұндай оқиға болып көрген емес. Жартылай финалға екі боксшымыз ғана шықты. Бұған дейін Лондон Олимпиадасының жартылай финалына үш боксшымыздың жолдама алуы ең төмен нәтиже еді.

Демек, қазақ боксы шынында да өліара кезеңде тұр. С. Бибосыновтың жартылай финалда ұлыбританиялық Г. Яфайдан жеңілуін сан-саққа жүгіртушілер өте көп. Бірақ бірінші раундта нокаут алған спортшы кейінгі екі раундта қарсыласынан әлдеқайда шебер жұдырықтасуға тиіс еді. Сәкен солай өнер көрсете алды ма? Иә, ол Яфайдан басым ойнады, бірақ айқын басымдық таныта алған жоқ қой. Төресілер осының бәрін ескерді. Жеңіс қай жаққа кетсе де әділ шешім болатын жекпе-жекте ұлыбританиялықтың қолын көтерді. Қ.Қоңқабаев жартылай финалда Ричард Торреспен қоян-қолтық айтыста жарақат алды. Алыс қашықтықтан ұрыс салуға болатын кездесу еді.

Әрине, мұның бәрі – жеке пікір. Дегенмен, әуесқой бокстың әлемде керемет дамып бара жатқанын бәрібір мойындауымыз керек. Іріктеу турнирінде Бибосыновтан жеңілген К.Паалам (Филиппин) Токиода күміс жүлде алды. Ширек финалда ол Рио Олимпиадасының чемпионы Ш.Зайыровты (Өзбекстан) өте деғдар бокс көрсете отырып жеңді. Зайыровтың жарақат алып қалғаны рас, дегенмен Паалам оған дейін де өте басым өнер көрсетіп жатты емес пе? 64 келіден көтерілген 69-ға көтеріліп, күміс жүлде жеңіп алған П.Маккормактың (Ұлыбритания), 75 келінің финалында О.Хижнякты естен тандырған Э.Консейсаоның (Бразилия), осыған дейін атын ешкім білмеген А.Батырғазиевтің (Ресей) өнерін қалай қосынамыз? Демек, боксқа үлкен реформа қажет. Париж Олимпиадасына дейін сегіз салмақ дәрежесінде түгелдей ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, бір кеткен кетікті орнына келтіруге, ары қарай опырылып түспеуіне барымызды салуға тиіспіз.

2

«Балуан елміз» деп үзеңгіміз үзілмесін

1996 жылы Атланта Олимпиадасында Юрий Мельниченко грек-рим күресінен 57 келі салмақ дәрежесінде олимпиада чемпионы атанды. Содан бері алтын жүлде – жоқ! Ал «балуан елдің ұрпағымыз» дегенде үзеңгі бауымыз үзіле жаздайды.

2004 жылы Афинада Георгий Цурцумия (130 келі, грек-рим күресі) мен Геннадий Лалиев (74 келі) финалда күрескен соң, одан бергі төрт олимпиадада ешбір балуанымыз ақтық сынға шыққан жоқ. Ойланатын мәселе ме? Мәселе!

Оны айтасыз, Бейжіңде қос күрестен – екі (допингпен айыпталған Тигиев пен Мәмбетовті есепке қоспаймыз), Лондонда – екеу (Шабанбай кейін қосылды), Риода – 0, Токиода бір ғана жүлде алдық. Бұл қай жыртқышымызға жамау болады? Токио кілемінде күрескен үш «классик» те (Айнағұлов, Жадыраев, Тұрсынов) алғашқы белдесуде есе



жіберді. Бұрын-соңды мұндай масқара болған емес. Еркін күресте Д.Қайсанов пен Д.Ниязбеков қола үшін күрестіп жеңілді. Олимпиадаларда отандастарымыз осымен алтыншы рет қола үшін (2004 жылы – Леонид Спиридонов, 66

келі және Марид Мұтәлімов, 120 келі, 2008 жылы – Леонид Спиридонов, 66 келі, 2012 жылы – Дәулет Ниязбеков, 55 келі және Дәулет Шабанбай, 120 келі, 2016 жылы Ғалымжан Өсербаев, 74 келі) белдесулерде жүлдеден қағылды. Бұл да дәстүрге айналып бара жатқан жоқ па? Қарап отырсақ, балуандарымыз білмейтін қарсыластарына емес, бұрыннан сыралғы, таныс бәсекелестеріне есе жіберіп жатыр. Д.Ниязбеков қола жүлде үшін – үнді Б.Пуниадан, Д.Қайсанов – өзбек Б.Абдурахмановтан, Н.Санаев жартылай финалда үнді Д.Кумардан ұтылды. Осылардың бәрі – азиялықтар. Біз оларды емес, олар бізді «беске» білетін болғаны ғой сонда...

Әйелдер күресі Риода абыройымызды қымтаған сияқты еді. Токиода, тіпті шырай берген жоқ. Үш қызымыз да бос қайтты. Бұған дейін кейінгі үш олимпиадада қыздар жүлдесіз қалмаған еді. Демек, мұнда да серпіліс өте қажет.

3

Уақыты өткен үздік көрсеткіштер

Дмитрий Баландин Рио Олимпиадасынан кейін үлкен жеңістерге жеткен жоқ. Тіпті, 2018 жылғы Азия ойындарының өзінде ол сүйікті қашықтығында қоламен ғана шектелді. Пандемия дедік, карантин дедік, жарыстар азайып кетсе де, олимпиада қарсаңында Баландиннің нәтижесі төртжылдықтың басты додасында финалға шығуға жетпей қалуы мүмкін екенін шамалағанбыз. Қауіміз расқа шықты. Бір қарағанда, Дмитрий Токио бассейнінде Риодан кем өнер көрсеткен жоқ. Ол 2 минут, 08 және 09 секунд айналасындағы нәтиже тіркеді. Бірақ қарсыластары одан кем дегенде 0,02 секунд жылдам болды. Демек, кейінгі нәтижелер өсе түскен. Сондықтан Баландиннің жартылай финалда 2:09,22 көрсеткішінен финалдан тыс қалуын кездейсоқтық деудің қажеті жоқ. Қарсыластар оқ бойы озып барады, солардан қалмау басты межеге айналды, соны мойындайық.

Үш олимпиадада олжа салып, қазақ спортының қазынасына айнал-

ған Ольга Рыпакова да бұл жолы қарсыластарының анағұрлым алға кеткенін шамалағаны сөзсіз. 2016 жылы Риода қола жүлдені отандасымыз 14,74 метр көрсеткішпен жеңіп алған болса, биылғы қола жүлдегер Ана Пелетейро үшінші орын үшін 14,81 метрге секірді. Тіпті, биыл төртінші болған Ш.Риккетстің көрсеткіші де төрт жыл бұрынғы Ольганыкінен жоғары (14,80). Бұл да кейінгі буынның тым адымы кеңіп бара жатқанын аңғартады.

Оны айтасыз, Токио төрінде Рио Олимпиадасының чемпионы К. Ибарген де, фавориттің бірі К.Уильямс те үздік бестікке ене алмады. Ал чемпион атанған Ю.Рохас (Венесуэла) әлем рекордын бірден 17 см. жаңартып, 15,67 метр көрсеткішімен тоқтады. Оның қасында маусымдағы ең үздік нәтиже көрсеткен Рыпакованікі тым қарапайым – 13,69 м. Демек, бұл спорт түріне де Ольганың лайықты ізбасарлары керек. Бірақ ел чемпионатында олимпиада нормативін (14,20



метр) еркін орындаған И.Ектова мен М.Овчинникова бұл жолы оны маңалай да алған жоқ. Демек, психологиялық дайындық та маңызды.

Әр олимпиада сайын жеңіл атлетиканың бір бағдарламасынан көңіліміз көтеріліп қалатын еді. Бұл жолы ешкім қуанта алмады.

4

Рыбакина өз тактикасының құрбаны ма?



Теннисші Е.Рыбакина үлкен ерлік жасады. Бұған дейін қазақстандық теннисшілердің ешбірі олимпиаданың жартылай финалына, тіпті үшінші орын үшін кездесуге шығып көрген емес. Бірақ жартылай финалда бір емес, бес матчбол ұстап тұрып жеңілген Елена өз тактикасының құрбаны болған секілді. Ол осы кезеңге дейін өте жылдам

ойынымен қарсыластарын қапы қалдырып келе жатты. Алғашқы төрт кездесуде ол бәсекелестеріне бірде-бір сет берген жоқ. Ал жартылай финалда Б.Бенчичке (Швейцария) қарсы әр геймді ұзақ ойнатуға көшті. Қарсыласының сілесін қатыруға тырысты ма, әлде өзі шаршады ма?.. Қалай дегенде де, бұл ойын үлгісі Рыбакинаның ыңғайына келмейтін еді. Сондықтан да қате көп болды, сондықтан да жоқ жерден брейк-пойнттардан айырылып жатты. Үшінші орын үшін матчта да баяғы Еленаны тани алғанымыз жоқ. Ол украиналық Еленаны (Свитолина) еркін жеңіп жатып, жеңісті қолдан берді.

Дегенмен, Рыбакина қазақ теннисінің абыройын айтарлықтай көтеріп қайтты. Басқа үш қыз (Ю.Путинцева, З.Диас, Я.Шведова) бастарынан күн өтіп жарысты кезек-кезек ерте аяқтағанда қорқып едік...

5

Енді не болады?

Елдос Сметовтің ерлігін, қос ауыр атлеттің жанкешті қоласын, қос каратэшінің алтынға барынша ұмтылғанын естен шығармаймыз, әрине.

Бірақ Токио Олимпиадасы біздің спорттың балшыққа батып жатқанын айқын көрсетіп берді. Бұған дейін де ондай балшықтардың болғаны рас, бірақ алтын мен күміс бүркемелейтін еді. Бұл жолы бәрі аймандай болды.

Токио Олимпиадасы бізге: «Балалар мен жасөспірімдер спортын қолға алыңдар! Спорттағы жемқорлықтың тамырына балта шабыңдар! Сан үшін емес, сапа үшін жұмыс істендер!», – деді.

Соны ұғына аламыз ба енді?

Есей ЖЕҢІСҰЛЫ.





Талапкерге тағы бір сын



Рая
ЕСКЕНДІР

Білім және ғылым министрлігі талапкерлердің жоғары оқу орнына түсуі үшін тағы бір мүмкіндік жасап отыр. Талапкерлер тамыз айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін Ұлттық тестілеу орталығының сайтына 4-і мен 6-сы аралығында тіркеліп, құжат тапсырды. Жалпы, тамыздағы ҰБТ-ның басты өзгешелігі неде?

ҰБТ – ең алдымен, биылғы жылы шекті балл жинай алмаған талапкерлердің тестілеуден қайта өтіп, ЖОО-ға ақылы негізде түсу мүмкіндігі үшін өткізіледі. ҰБТ-ға биылғы және өткен жылдардың мектеп түлектері, колледж түлектері мен шет елдегі мектептерде білім алғандар қатысады. Негізгі ҰБТ секілді тамыздағы тестілеу де электронды форматта 10–13 тамыз аралығында өтеді. Бұл жолы да тест тапсырушылар емтихан өткізілетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым аралығында өткен ҰБТ-да кейбір талапкерлер шекті балл жинай алмағандықтан, жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігінен айырылған еді. Жүргізіліп отырған тест негізінде талапкерлер ақылы бөлімге түсу үшін шектік балл мен әр пәннен кем дегенде 5 балл жинаулары керек.

Күрделі жөндеуден өтті



Жетісу ауданына қарасты №177, 57, 102 мектептердегі орын тапшылығының өзекті мәселеге айналғанына да біршама уақыт өтті. Сол оқылықтың орнын толтырудың да сәті келіп, дәл қазір осы мектептерде қосымша 1050 орынды үш оқу корпусының құрылысы жүріп жатыр.

Сонымен қатар, таяу уақытта №43 мектеп асханасының жаңа корпусы аяқталмақ. Бұл жұмыстың барлығы 2021 жылдың соңына дейін бітеді деп күтілуде. Осы аудандағы №80 және 129 мектептерге де күрделі жөндеу жүргізілмек. Оларға сараптама жүргізіліп, ғимараттың тым ескіріп кеткені белгілі болды. Сондықтан қазір осы екі мектептің құрылыс жұмыстарына байқау жарияланды. Аудандағы №148, 103 және 112 мектептердің 850 орынды оқу корпусының қосалқы құрылысы мен №101 мектептің акт залын кеңейтуге қатысты жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатыр.

Бұл ретте құрылыс жұмыстары келесі жылы басталатын болды.

Келесі жылы «Айнабұлақ-4» ықшамауданындағы 160 орынды балабақшаның да құрылысы бой көтермек.

Миллионер болуға мүмкіндік бар



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығы 1 миллион доллар жүлде қоры бар Нобель сыйлығының «мұғалім» аналогімен танымал Global Teacher Prize халықаралық жобасының бір бөлігі іспетті. Аталмыш сыйлықты Варке Қоры әлемдегі мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында тағайындап отыр.

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығына еліміздің кез келген өңірінен кемінде үш жыл үздіксіз еңбек етілі бар педагогтер қатыса

алады. Байқауға қатысқысы келетін мұғалім өз өтінімін мектеп әкімшілігінің, білім бөлімдері мен білім басқармасының, Білім және ғылым министрлігінің ұсынымынсыз-ақ жібере алады.

Сонымен, дауыс беру арқылы анықталған «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының жеңімпазы 10 000 доллар көлемінде сыйақы алады. Ал қалған тоғыз финалист жеке номинациялар мен бағалы сыйлықтарға ие болады. Сондай-ақ, барлық он финалист Global Teacher Prize сыйлығының іріктеу кезеңіне ұсынылып, одан өткен жағдайда «Әлемнің үздік мұғалімі» атағы мен 1 миллион доллар сыйлығы үшін бәсекеге түсе алады.

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығы жобасы аясында 30 ауыл мектебі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға 1 миллион теңгеге дейін грант алады. Сыйлықтың тағы бір бағыты – «Болашақ мұғалімі». Жоба аясында 2019–2020 жылдардағы «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының финалистері тәлімгерлері болып табылатын педагогикалық кадрларды даярлайтын он жоғары оқу орындарының арасынан он үздік жоғары курс студенттері іріктелді.

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығы жобасы Global Teacher Prize аясында қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту қорының құрылтайшысы Әлия Назарбаеваның бастамасымен жүзеге асуда.

Үйірменің үйретері көп



Айнұр
СЕНБАЕВА

Коронавирус дегеннің бар екенін білмеген кездерде балаларымызды үйірмелердің түр-түріне қатыстырып, спорт секцияларына жетектеп жүретінбіз. Жер бетін індет жайлағалы балалардың үйірмелерге бармақ түгілі, мектепке барып оқуы мүң болды. Алматыдағы бірқатар білім дамыту орталықтары, үйірмелер, спорт секциялары енді-енді карантин талаптарына сай жұмыс істеуге бейімделіп келеді. Сондықтан бүгін біраз ата-ананы толғандырып жүрген үйірмелердің бала үшін маңызы туралы сөз қозғамақпыз.

Жаңа оқу жылының басталуына да санаулы күн қалды. Өткен оқу жылдарында партада емес, үйде отырып оқыған оқушылардың ата-аналары балаларының білім сапасы төмендеп кеткеніне алаңдап жүргені рас. Онлайн оқу індет кезінде тығырықтан шығудың жолы болғанымен, мектеп жасындағы балаларға телефонға телміріп оқу оңайға соққан жоқ. Әсіресе, бастауышта оқитын оқушылардың ата-аналары балаларын оқытудан қиналып, біраз әбігерге түскені жасырын емес. Балаларын мұғалімдердің үйлеріне тасып оқытқандарды, үйлеріне мұғалім, репетитор шақырғандарды да көрдік. Өйткені, қарым-қабілеті әртүрлі балаларды оқытып, тәрбиелеуде мұғалімдер мен мамандардың көмегі қажет-ақ.

Шартты түрде ата-аналарды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірі – балаларының үздік мектептерде білім алып, жақсы ортада жүруі үшін барын салады, оларды жетектеп алып, түрлі үйірмелерге қатыстырып, спортпен айналысуына жағдай жасайды. Ал ата-аналардың екінші тобы – «оқитын бала өзі-ақ оқиды» деп көп нәрсеге бас қатырмайды. Рас, оқитын бала ештеңеге қарамас, ал үйдегі 5 баланың біреуі ғана «оқитын» бала болса ше?..

Тумасында бір балалар ақылды, зерек, қабілетті болады. Анадан мейірім, әкеден үлгі көрмесе де, есті болып өсетін балалар осының дәлелі. Осындай балаларды көргенде жұрт «Әкесі маскүнем еді, баласы жап-жақсы болып өсіпті, баланың саналы болуы тәрбиеге байланысты емес-ау» деп топшылап жатады. Шындығында, мұндай балалар өте сирек. Сондықтан балаларды салмақты, жауапты, тиянақты, мейірімді етіп өсіру үшін



ата-ана мен қоғамның әсері күшті. Қарап отырсаңыз, бір сыныпта оқитын 30 баланың ары кетсе бес-алтауы оқу озаты болады. Олардың өзіне әркез қолдау, бақылау керек. Бұл қалған балалар білімсіз, қабілетсіз деген сөз емес. Тек балалардың көпшілігін түртпектеп, санасын оятып, қабілетін шыңдау қажет. Осындайда ұстаздың шеберлігі маңызды. Табиғатында санасыз, қабілетсіз бала болмайды, мәселе әр баланың шырағын жаға білуде. Осындайда түрлі үйірмелердің, білім дамыту орталықтарының ықпалы зор екенін мойындау керек. Әсіресе, мамандардың айтуынша, баланың жақсы көретін ісімен айналысуы оның өзіне деген сенімділігін арттырып, ойлау қабілетін шыңдайды.

Гарвард медициналық мектебінің зерттеулеріне сүйенсек, белгілі бір хоббиі бар адамдар өздерін бақытты сезінеді екен. Дрексель университетінің қызметкері Г.Каймал мен К.Рэй адамның сүйікті ісімен айналысуы күйзеліске түспеуге ықпал етіп, ой белсенділігін арттыратынын дәлелдеген.

Мектеп бағдарламасы баланың жан-жақты дамуының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Сондықтан балалардың ой-өрісін, зейіні мен қабілетін дамыту үшін үйірмелерге беру керек.

Алматыда ата-аналар балаларын қаншалықты үйірмелер мен спорт секцияларына беретінін білу үшін 100 шақты адамнан са-

уалнама жүргізіп көрген едік. Сондағы байқағанымыз, ата-аналардың 70 пайыздайы балаларын үйірмелерге қатыстырады екен. Әсіресе, спорт секцияларына қатыстыратындардың үлесі көп, шамамен 72 пайыз. Ал 40 пайызға жуығы шығармашылықты дамыту үйірмелеріне және тіл үйрену, математика пәндері бойынша қосымша сабақтарға апарды.

Балаларға спорт тек денсаулықты шыңдау үшін ғана емес, мінезін қалыптастыру үшін де маңызды. Кез келген спорт түріндегі жаттығулар шыдамдылық пен мінезді шыңдауға көмектеседі. Спорттық секциядағы командалық спорт түрлері (футбол, волейбол, хоккей және т.б.) бойынша сабақтар баланы физикалық тұрғыдан нығайтады, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, ерік күшін, көшбасшылық қасиеттерді, тәртіпті, командалық рухты тәрбиелейді. Жеке спорт түрлері жеке мақсатқа жетуге мүмкіндік береді, бұл өршілдік пен ерік-жігерді тәрбиелейді.

Шығармашылық үйірмелер балалардың қиялын, көркемдік дағдысын және эстетикалық талғамын қалыптастырады, музыкалық аспаптарда ойнау – шыдамдылық пен дәлдік, театр студиясындағы сабақ оқушылардың моторикасын, мәдениетті сөйлеуін дамытады. Жалпы, кез келген үйірме балаларды қоғамда өздерін дұрыс ұстауға дағдыландырады.

МАМАН ПІКІРІ

Ғалия МАХАШ,
психолог:

Тым ауыр жүк артпаңыз

Көп ата-аналарға ортақ мәселе, олар балаларының неге қызығатынын, қабілеті қандай екенін білмейді. Бұған балалардың қызығушылығының тұрақсыздығы да әсер етеді. Мысалы, бір күні баланың домбыраға деген қызығушылығы артып кетсе, бір апта өтпей-ақ одан жалығып кетеді. Сондықтан ата-ана баласының нақты неге қызығатынын таппай дал болады. Негізгі 7–10 жас аралығындағы балалардың қызығушылығының тез өзгеруі қалыпты жағдай. Ондай балалар кейін өскенде өзінің қызыққан дүниесіне қайта оралып, болашақта мамандығын таңдағанда балалық шақтағы хоббиін кесіпке айналдыратындар да болады. Сондықтан баланың жетілу, даму кезеңдерінде олардың қызығушылығы да өзгеріп отыратынын ескергеніміз жөн. Ал ата-аналар көп жағдайда

өздеріне ұнайтын, өздері дұрыс деп тапқан үйірмелерге балаларын жаздырып жатады. Оның үстіне, көбіміз баланың уақытын бос өткізгенін қаламаймыз. Бірақ баланың аулада жүгіріп, достарымен шауып ойнайтын бос уақыты да болуы керек. Балаға еркіндік берілген кезде өзінің қызығушылығын тез табады. Қазіргі балаларға тым ауыр жүк артып қояды, спортпен де айналыстырып, жарыстарға қатыстырып, қосымша сабақтардан да қалдырмайды. Мұндай кезде балалар шаршап, жүйкесі жұқарып, ешнәрсеге зауқы да соқпай кетуі мүмкін. Сондықтан ата-аналарға айтарым, баланызбен сөйлесіп, дос болуға, қызығушылығына назар аударуға тырысыңыз, балаңыздың өміріне белсенді араласыңыз. Баланың айналысатын ісі өзіне қуаныш сыйлауы керек.

Айсұлу АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Білім басқармасы
басшысының орынбасары:

Алматыда тегін үйірмелер көбейеді

Қазіргі таңда Алматының әр ауданында балаларды дәстүрлі ән, шахмат, вокал, сурет салу мен домбыраға баулитын үйірмелер көптеп ашылуда. Қараусыз қалған, бос тұрған ғимараттарды іске жаратып, тегін үйірмелер ашып жатырмыз. Бүгінде қала бойынша мұндай үйірмелердің саны 100-ге жетіп қалды. Балалар сабақтан бос кездерінде үйірмелерге келіп, өздеріне ұнайтын шығармашылықпен, спорт түрлерімен, қолөнермен айналыса алады. Жыл басынан бері әкімдік тарапынан тегін үйірмелерді ұйымдастыруға қатысты біраз шаруалар атқарылды. Көбінесе тегін үйірмелерге көпбалалы отбасылардың, аз қамтылған отбасылардың балалары бара алады. Болашақта үйірмелердің санын көбейтуді жоспарлап отырмыз.



Жедел жәрдем мәселесі қаралды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласының Жедел медициналық жәрдем қызметі жүргізушілерінің мәселелерін «Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының партиялық бақылау комиссиясы қарады.

Бұған дейін бірқатар БАҚ-та және әлеуметтік желілерде Алматы қаласының Жедел медициналық жәрдем қызметі (бұдан әрі – ЖМЖС) жүргізушілерінің коронавирустық инфекциямен (КВИ) ауыратын пациенттерге шақырулар үшін үстемеақылардан айыру, сондай-ақ шұғыл шақыруларға қызмет көрсету кезінде жылдамдық режимінің асып кетуі мәселесі бойынша шағымдары жарияланған.

Комиссия отырысында жүргізушілердің талаптарын талқылау және сол жерде шешім қабылдау үшін тікелей жүргізушілермен және жедел медициналық көмек қызметі басшылығымен жұмыс кездесуін ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Арнайы жұмыс тобы құрылды. Топ құрамына комиссия төрағасы, депутат Әміржан Нәбиев, Алматы қалалық кардиологиялық орталығының директоры Алмат Қодасбаев, комиссия мүшелері, сарапшылар және Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшылығы кірді.

Жұмыс тобы жүргізушілердің қызметімен танысты. ЖМЖС директорының дәлелдері, жүргізушілердің талаптары және сарапшылардың қорытындылары тыңдалды.

Кездесу қорытындысы бойынша жүргізушілерге заңнама және ЖМЖС тиісті ұсынымдары шеңберінде түсініктемелер берілді.

МОНИТОРИНГ

Аулалар абаттануда



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Алматыда 2025 жылға дейін 1000-нан астам аула абаттандырылады. Бұл туралы ауласы бар аумақтарға мониторинг жүргізу кезінде «Nur Otan» партиясының мүшелері мәлімдеді.

Партиялықтар атқарылған жұмыстар мен сайлауалды бағдарлама аясында нысандарды пайдалануға беру мерзімдерін жіті бақылауда ұстайды. 4 жылда аулаларға асфальт төселіп, жол шеттері жөнделіп, орындықтар мен қоқыс тастайтын орындар мен жаяу жүргінші аумақтары реттеледі. Қалада балаларға арналған ойын және спорт алаңдары көбеймек. Нысандарды тексеру кезінде нұротандықтар алматылықтардың ой-пікіріне де құлақ асты. Тұрғындар автотұрақ орындарын көбейтуді сұраған.

«Архитектуралық қадағалау шеңберінде жобаларды реттеудің осындай тетігі бар. Егер, мысалы, жалға алушылар шартты ойын алаңының орнына автотұрақты көргісі келетіндігі туралы жалпы пікірді қабылдайтын болса, бұл принципті бюджетті өзгертпей-ақ жасауға болады. Сондықтан біз партиялық бақылау комиссиясы аясында бұл жобаға мониторинг жүргізіп отырмыз, бұзушылықтар болмас үшін сапасына қараймыз», – деп атап өтті қалалық Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, депутат Әміржан Нәбиев.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Алматылық
Лариса
Еропкина
қуыршақ
жасау арқылы
ауруынан
айыққан.
Сенесіз бе,
дәрігерлер
оның дертіне
дауа таппаған.



«ДӘРІГЕР» ҚУЫРШАҚТАР



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

– Барлығы 2014 жылы басталды. Отадан кейін буындарымды ұстай алмай қалдым. Ревмоорталықта реактивті артриттен ревматикалық диагнозға дейін түрлі көңілсіз, қауіпті диагноз қойды. Таңертең қолдарымды сезбейтінмін, мүлде созылмай қалатын. Дәрігерлерге жиі қаралдым. Оған көп қаражат пен уақыт кетті. Бірақ нәтиже болмады. Қолымды икемге келтіру керек болды әрі көңілімді басқа нәрсеге бөлгім келді. Сөйтіп, оқу-жаттығу веб-сайтын таптым. Онда көрген қарапайым дүниелерден жасалған таңғажайыптар маған ерекше әсер етті. Содан мен де қарапайым қоқыстардан түрлі өнер туындыларын жасай алатын қоқыс декорларын зерттей бастадым. Бұл әдіс ассамбляж деп аталады, – деп өткеніне көз жүгіртті кейіпкерім.

Шебердің жаңа әуестігі оның денсаулығына, сүйікті қаласы – Алматыға пайда әкелді. Ол түрлі жарамсыз материалдарды қолдана отырып, суреттер мен фигураларды жасау кезінде қолының ұсақ моторикасын дамытты. Қызықты жұмыспен

жүріп ол сауықтыру сабақтарының қалай өткенін, оның бойына шипа болғанын аңғармай да қалды.

– Содан кейін мен папье-маше массасын илеу техникасымен таныстым. Ол қағаз балшық маған тура дәрігер тағайындаған ем секілді болды. Біртіндеп



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Нәзік» ЖШС-ға:

- сатушылар;
 - диспетчер;
 - күзетші;
 - ІС білімі бар оператор;
 - асүй жұмысшылары;
 - қойма менгерушісі;
 - супервайзер;
 - кондитерлер;
 - жүргізушілер;
 - еден жуушылар керек.
- Тел.: 8 705 410 25 31.
Масаншы көшесі, 23-үй.

«Тәртіп» ЖШС-ға:

- жүк тиеушілер;
 - жүргізушілер қажет.
- Тел.: 8 701 397 12 48.
Мақатаев көшесі, 117-үй.

«Дегирмен» ЖШС-ға:

- еден жуушылар;

- наубайшылар;
 - кондитерлер керек.
- Тел.: 8 777 239 50 66.
Жұмалиев көшесі, 9-үй.

«Green recycle» ЖШС-ға:

- сұрыптаушылар;
 - жүргізушілер керек.
- Тел.: 8 747 338 35 31.
Мақатаев көшесі, 117-үй.

«Дастархан» ЖШС-ға:

- аспаздар;
 - кондитерлер;
 - қасапшы (ораушы);
 - электрик;
 - аула сыпырушы;
 - марочница;
 - жүк тиеушілер;
 - мейрамханаға су-шеф керек.
- Тел.: 8 707 636 50 19.
Абылай хан көшесі, 121-үй.

Аймақтық диагностикаға:

- санитарлар;
 - аула сыпырушы қажет.
- Тел.: 8 777 359 76 90.

«Альфа BANK» АҚ:

- қаржылық кеңесші іздейді.
- Тел.: 8 776 912 99 66.
Масаншы көшесі, 57-үй.

«Комета» ЖШС-ға:

- жүргізушілер;
 - жүк тиеушілер;
 - құю желісіне операторлар;
 - экспедиторлар керек.
- Тел.: 385-99-92.
Наманган көшесі, 43-үй.

«Рахат» АҚ-ға:

- кондитерлік өнімдерді өндірушілер;
 - слесарь-реттеуші;
 - жүк тиеушілер қажет.
- Тел.: 8 701 297 56 54.
Зенков көшесі, 2 А.

«Велес» ЖШС-ға:

- еден жуушылар керек.
- Тел.: 8 701 297 55 06.
Қожамқұлов көшесі, 22-үй.

Коллекторлық агенттік:

- өндіріп алу жөніндегі инспекторлар іздейді.
- Тел.: 8 700 422 40 50.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына:

2021 ж. 12 тамыз, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Алғабас» ықш.ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к., 308-үй Ду-800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш.ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш.ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш.ауданы, «Ақсай-3 Б» ықш.ауданы, «Ақсай 2» ықш.ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан шығарсын.

Қосымша мәліметтерді «АлЭС» АҚ алуға болады.

Тел.: 8 (727) 227-70-21.

Мектептерге «Ashyq» енгізілді



Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа оқу жылынан бастап Алматы қаласы мектептерінде «Ashyq» жобасы іске қосылатын болады. Жауапты сала мамандарының айтуынша, мұндай қадам індет жұқтырған немесе онымен байланыста болған адамдарды оқшаулау үшін қарастырылып отыр.

Алматының бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин де оқушылардың дәстүрлі форматта оқу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін осындай шараның қабылданғаны туралы айтқан еді.



Сондай-ақ, «Атамекен» аумақтық палатасы бұл ақпаратты нақтылап, мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің бәрі 100 пайыз QR-код алып, 1 қыркүйектен бастап іске кірісетінін мәлімдеді.

Мұхтар Әуезов атындағы ғылыми кабинет ұжымы «Asu anima» студиясының директоры, режиссер, продюсер, ҚР Кинематографистер одағының мүшесі Қалдыгүл Әкімжанқызы Жаныбаеваға аяулы әпкесі **ШЫРЫНҚҮЛ ЖАНЫБАЕВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары белгілі ғалым, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы, II сайланған Алматы қаласы мәслихатының депутаты **Еренғайып Мәлікұлы ШАЙХУТДИНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі қоғам, ғылым және жоғары мектеп қайраткері, академик, ардагерлер қозғалысы көшбасшыларының бірі, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы **Еренғайып Мәлікұлы ШАЙХУТДИНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бостандық ауданы әкімінің аппараты, Ардагерлер кеңесі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы, ҚР ҰҒА академигі, профессор, химия ғылымының докторы, Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы **Еренғайып Мәлікұлы ШАЙХУТДИНОВТЫҢ** өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып,
қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала
аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз
болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік
қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа
да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау
қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат
9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



КІМ САНАҚТАН ӨТЕДІ?



ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫНДАР

Қазақстанда 12 ай және одан артық уақыт тұрақты тұратындар



ШЕТЕЛГЕ ІССАПАРҒА ЖІБЕРІЛГЕНДЕР

1 жылға және одан көп уақытқа қызметтік іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметкерлер



ШЕТЕЛГЕ КЕТКЕНДЕР

1 жылдан аз уақытқа іссапарға, келісімшарт бойынша жұмысқа немесе оқуға кеткен Қазақстанның тұрғындары



ТУРИСТЕР

Шетелге емделуге, демалуға, қонаққа кеткен Қазақстанның тұрғындары



ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР

Шетелден Қазақстанға тұрақты тұруға немесе пана іздеп келгендер



ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ

Қазақстанға оқуға немесе жұмысқа 1 жылға және одан артық уақытқа келгендер



Қазақстанда 1 жылдан аз уақыт жүргендер

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

10.08.2021

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

11.08.2021

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Сұлулықтың басты сыры



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әрбір адам сырт келбетінің тартымды, сұлу болғанын қалайтыны рас. Сұлу болып жүру де – өнер. Кейбірі бет терісінің күтіміне түрлі әдістер қолданып, жастығы мен тартымдылығын сақтап қалуға ерте қамданады. Қазіргідей аптап ыстықта бет терісін қалай күту керектігі туралы маманнан кеңес алған едік. Жазғы күтім қандай болуы қажет?



Құралай ҚАЗЫБЕКҚЫЗЫ, дәрігер-косметолог:

– Жазда бет терісі үлкен күйзеліске ұшырайды. Режимнің дұрыс болмауынан бастап, күн сәулесіне дейін теріге қатты әсер етеді. Бет терісі тітіркеніп, реңі сұрғылт болады. Майлы теріде безу пайда болса, құрғақ тері сезімтал бола бастайды. «Жазда бетке қандай күтім жасаймыз?» деген сұрақ көбінің көкейіңізде болуы мүмкін. Олай болса, түсіндіріп кетейін. Ең алдымен, теріге демалыс беріңіз. Көп крем, маска қажет емес. Дұрыс тазалап, жеткілікті ылғалдандырасыңыз және күннен қорғасаңыз болды.

Біріншіден, бетті сумен дұрыстап тазалау керек. Таңертең арнайы бетке арналған көбікшемен жуыңыз. Себебі, теріңіз түні бойы іште жиналған токсиндерді саңылау тесіктері арқылы шығарады. Әрі жастықтың шаңы да бетке әсер етеді. Ал кешкі күтімге тіпті ерекше мән бергеніңіз абзал. Міндетті түрде бетіңізді гидрофильді маймен және кремді, гелді көбікшемен жуыңыз. Гидрофильді май күндіз бетіңізге жаққан бояуды, күннен қорғайтын кремді өте жақсы ерітіп, тазалайды. Көбікше сол майдың қалдығын толығымен кетіреді.

Ылғалдандыру қызметін тонер және крем орындайды. Теріңізге қажетті компоненттерді (витаминдерді, антиоксиданттарды, гиалурон қышқылын, т.б.) береді. Бұл этапты қалдырып кетсеңіз теріңіз құрғап кетуі мүмкін. Күннен қорғау тек жазда емес, жылдың төрт мезгілінде де маңызды. Ол үшін күннен қорғау факторы бар арнайы кремді алыңыз. Күннен қорғанбау теріге әжімнің ерте түсуіне, қара дақтардың пайда болуына алып келеді.

– Теріні таза сумен күнделікті жууды әдетке айналдырыңыз;
– Мезгілдік піскен жеміс-жидектерді де жиі жеңіз;
– Таза ауада көп серуленіңіз;
– Суды көп ішіңіз. Ең дұрысы әр 1кг-ға 30 мл. судан тұтыну қажет;
– Уақытылы ұйқы – тері күтімі үшін ең маңыздысы;
– Далада сағат 10.00-16.00 аралығында шықпауға тырысыңыз. Егер шыға қалсаңыз, күннен қорғайтын крем, көзілдірік киіп шыққаныңыз абзал.

Бет терісінің біздің өмірімізде маңызы зор. Егер бет теріңіздің саулығын бірінші орынға қойып, дұрыс күтім жасасаңыз, теріңіздегі мәселелердің (әжім, пигментация, безу) алдын аласыз!
Бетіңіз таза әрі әдемі көріну үшін оның күтіміне жіті көңіл бөліп, сұлулығыңызды табиғи әдіспен күткен дұрыс.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Мақсат – 10 мың вагон шөп

Маңғыстау мен Батыс Қазақстан облыстарындағы қуаңшылық көрген малға шөп жинап, жеткізумен аты шыққан Құрмет Талапқазы осы мақсатпен Павлодар облысына келіп жетті. Еріктінің айтуынша, оның Павлодарға келгеніне үш күн болған екен. Ертеңнен бастап бір топ ерікті Успен ауданындағы әкімдікке қарасты жерлерде мал азығын әзірлеуге кіріседі. Еріктілер Павлодар облысында екі апта шамасында жұмыс істеп, орылмай бос қалған жерлердің шөбін жинап әкетпек.

– Павлодарда даланың бәрі шөпке толы. Оңтүстікке, батысқа бәріне шөп жетеді ғой. Бұл жерден жоқ дегенде 10 мың вагон шөп шығаруға болады. Бұл жақтың малы семіргеннен жүре алмай жатыр ғой. Ал Арал мен Маңғыстауда күннен-күнге мал түліктері қырылып жатыр, – деді ерікті.



жоқ дегенде 10 мың вагон шөп шығаруға болады. Бұл жақтың малы семіргеннен жүре алмай жатыр

ғой. Ал Арал мен Маңғыстауда күннен-күнге мал түліктері қырылып жатыр, – деді ерікті.

1 тонна саңырауқұлақ жинайды



26 жастағы Бану Әубәкір айына бір тоннадан астам саңырауқұлақ жинайды. Сосын өнімді сұрыптап, дүкендерге тапсырады. Айтуынша, саңырауқұлаққа сұраныс жоғары. Оның бұл кәсіппен айналысқанына 2 жылдай болған. Тегін бизнес курсына қатысып, кейін жобаға грант ұтып алған. Ал саңырауқұлақтарды күтіп-баптауды таныстарынан үйреніпті. Бану Әубәкір, Сарыағаш ауданының тұрғыны:

– Жазда сату немесе қыста сату деген жоқ. Жыл бойы сата беруге болады. Вешенеимен қатып қалмай, шампиньонды да егіп, істеуге болады. Оның да жолын білеміз. Үйлеріміз де жеткілікті. Қаражат жағы кішкене жеткіліксіз болғандықтан ол жағын сәл істей алмай жатырмыз, – деді саңырауқұлақ өсіруші.

Біздің тоғызқұмалақ – Литвада

Литваның астанасында Балтық өңіріндегі алғашқы тоғызқұмалақ федерациясы ашылды. Оны Литвада қазақтың ұлттық ойынын насихаттап жүрген ерлі-зайыптылар – Айдас Жандарис пен Рамуте Жандариене тіркеген. Айта кетерлігі, бірнеше жылдан бері Қазақстанның Литвадағы Елшілігі Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясымен және литвалық серіктестермен ынтымақтаса отырып, аталған елде қазақтың зияткерлік ойынын таныстыру бойынша тынымсыз жұмыс жүргізіп келеді екен. Литвалық оқушылар мен



студенттерге тоғызқұмалақ ойынының қыр-сырын үйрететін шеберлік сабақтары тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Көне ойын Литвада белсенді дамып келеді және жанкүйерлердің санасын жаулап алуда. Литвада осы күнге дейін

тоғызқұмалақтан 2 рет жарыс өткізілді. Қызығушылық танытқандар Қазақстанда жасалған тақталарды Вильнюстің ескі қаласының дәл орталығында, Жандаристардың кітап дүкенінен сатып ала алады. Федерация құрылтайшылары оның ашылуын Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап, ойынды ары қарай дамытып қана қоймай, жақын арада Қазақстандағы ойын шеберлеріне елеулі бәсекелестік жасауды жоспарлап отыр.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.